Мұндай мысалдар біздің БАҚ-тарда жеткілікті, олар жауапсыздықтың шыңына жетіп, балалардың беделін түсіретін негізсіз қауесеттер таратады және болжамды деректерді ұсынады. Заңға қайшы келетін, яғни балалардың есімдері мен фотосуреттерін жариялауға тыйым салатын нақты ережелеріне қарамастан, мұндай балалар туралы хабарламалар толастамай отыр, әрі көп қаралым әкеледі деген желеумен өте көп жариялануда. Мысалы, «Шонжыда 12 жасар қызды зорлаған зейнеткер туралы тың дерек шықты» (Адилъенов, 2023) деген ақпаратты алайық, онда «оқиға Алматы облысы Ұйғыр ауданы Шонжы ауылында болған. 72 жастағы ер адам 12 жастағы оқушы қызды зорлады деген күдікке ілінді» деп хабарлана келіп және жәбірленушінің № 5 мектептің алтыншы сыныбында оқитындығы, әжесінің тәрбиесінде екені ашық жазылған, сонымен қатар күдіктінің барлық туған-туысқандары туралы да ақпараттар толық жарияланған. Бұл дегеніміз заңға қайшы.

Екінші бір «3 жастағы қос қызды зорлаған өгей нағашы атасы жайлы тың деректер шықты» деген ақпаратта да (kyn.kz, 2023) жәбірленуші қыздардың тұрғылықты жерлері Алматы облысының Бақанас ауылы екені, шешелерінің жеке басына қатысты мәліметтер де, мәселен «Бұл әйелдің егіз қызынан кейін екі жаста тағы бір баласы бар, үлкен балалары да бар дейді. Өзі 1997 жылғы. Жағдайы нашар, фазендада тұрады» – деп толық берілген.

Бұл туралы «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңға сәйкес, адамның жеке және биографиялық деректерін, оның ішінде ата-анасы және өзге де заңды өкілдері туралы мәліметтерді, жеке тұлғаны анықтауға мүмкіндік беретін өзге де мәліметтерді, зардап шеккен бала туралы

ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында таратуға тыйым салынады. Біз мұны ұдайы естен шығармауымыз керек», – деді Ақпарат және қоғамдық даму министрі (Мұратбекқызы, 2023).

Сонымен қатар жасөспірім қыздардың сексуалдық қысымға ұшырағаны туралы да ақпараттар жиі жарияланып жүр. Мәселен, биылғы жылдың қыркүйек айында Түркістан облысы Төлеби ауданының 15 жастағы тұрғыны топтық зорлаудың құрбаны болған. бірнеше адам қызды зорлап, ұрып-соғып, болып жатқан сұмдықты камераға түсірген. Кәмелетке толмаған қыз туыстарына бұл жағдай туралы айта алмаған. Себебі қыздың анасының айтуынша, бұл іске қатысы барлар әлеуметтік желіге интим видеоны таратып жібереміз деп қорқытқан (Сапар, 2023). Бұл дегеніміз кибербуллинг, яғни жәбірленушіні қорқытып-үркітудің, психологиялық қысым жасаудың айқын мысалы.

Қазақстандағы арнайы ресми мәліметтерге тоқталатын болсақ, 2022 жылы елімізде 16 жасқа толмаған балалармен жыныстық қатынасқа түсу немесе соған мәжбүрлеу, жас балаларды азғындыққа салу фактісі бойынша 383 қылмыстық іс қозғалса, биылғы 6 айда 252 қылмыс тіркелген.

Мұндай үлкендер тарапынан жасөспірімдердің зорлық-зомбылық көру деректері жылдан-жылға көбейіп отыр. Мысалы, бір ғана Алматы облысында 2019 жылы 6 және 17 жас аралығындағы 100 бала осындай азапқа ұшыраған, бұл туралы «Егемен Қазақстан» газеті мәлімет таратқан болатын («Егемен Қазақстан», 2019). Бұл педофилдер тарапынан зорлық көрген балалар мен кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдерге қатысты зәбірлеу оқиғаларын қоса алғандағы дерек. Бұл жерде өз қыздарына азғындық жасаған әкелердің де қылмысы әшкерленген. Ал осыған ұқсас туған жездесінен жүкті болып қалған жасөспірім қыздың да оқиғасы қоғамда көп шу тудырды (Мұқанова, 2023).

Таяуда Түркістан облысы Отырар ауданында балабақша күзетшісі бастауыш сыныпта оқитын бірнеше қызды зорлады деген күдікке ілінді («Егемен Қазақстан», 2023), Қылмыстық кодекстің 120-бабы 4-бөлігі «зорлау» бойынша қылмыстық іс қозғалған. Жедел-ізвестіру іс-шаралары барысында қылмыс жасады деген күдікпен Отырар ауданының тұрғынын ұстап, бірден қамауға алынған. Ер адам өз кінәсін мойындаған.

Бұл деректерден жас балалардың құрбандыққа айналып, олардың зорлық-зомбылық көруі еліміздің медиалары үшін сенсациялық тақырып деп танылып, қаралым жинаудың не-

гізгі құралы болғанын көруге болады. Жоғарыда келтірілген материалдардың тақырыптарының өзінен жаныңыз түршігеді. Бұл орайда медиасарапшы Молдияр Ергебековтің Қазақстан тұрғындарының көпшілігі әлеуметтік желіні пайдалануда жекелеген адамгершілік іс-әрекеттің немесе мәдениеттіліктің қарапайым қағидаларын сақтамайды деген пікірімен келіспеске болмас, сонымен қоса ол қарапайым көрермендер мен әлеуметтік желі тұтынушылары ғана емес, кәсіби журналист мамандардың да жасөспірімдердің құқығын бұзатын мазмұндағы медиаөнімдерге сыни көзқараспен қарай алмайтындығын және оларды бейтарап ұстаныммен бағамдай білмейтіндігін де атап өтеді (Мұратбекқызы, 2023).

Қазіргідей әлеуметтік желілер мен кез келген бейнеконтентке қолжетімділік артқан кезеңде, сонымен қатар цифрлық қосымша қолданбалардың саны көбейіп тұрған сәтте, оларды реттеу немесе заңдық тұрғыдан шектеулер қою мәселесі күрделеніп барады. Сонымен қатар контент өндірушілердің өз өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттырып әрі көп қаралым жинауды қамтамасыз ету жолында заңсыз әрекеттерге барып отырғанын жоққа шығара алмаймыз. Бұған интернетті арнайы теріс бағытта қолданушылардың да бар екенін қосыңыз. Осы себепті де медиа мамандары үшін адамгершілік қағидаларын ұстану және адамның жеке басының ар-ожданын сақтау бірінші кезекке шығып отыр (Ли, Гай, 2018).

Балалар құқығын қорғауға қатысты халықаралық деңгейде қандай заңнамалар мен нұсқаулықтар бар деген сауалға тоқталайық.

БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясы

БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясының 16-бабында бірде-бір баланың жеке өміріне, отбасына немесе хат алмасуына заңсыз және ерікті түрде араласуға болмайды, сондай-ақ оның ар-намысы мен беделіне заңсыз түрде қол сұғылмауы керек делінген. Бала осындай заңсыз жеке өміріне қол сұғушылықтардан немесе шабуылдардан қорғауға құқылы.

Тағы да, Конвенцияның 40-бабында қылмыстық заңнаманы бұзды деп айыпталған күннің өзінде баланың жеке өміріне қол сұғылмаушылық сот талқылауының барлық кезеңдерінде қорғалуы керек делінген.

ЮНИСЕФ бұқаралық ақпарат құралдарында балалардың қызметін жариялаудың алты қағидасы мен нұсқаулығын жасаған:

- Баланың қадір-қасиеті мен құқықтарын құрметтеңіз.

- Сұхбат алу немесе бала туралы репортаж жасаған кезде баланың жеке өміріне ерекше назар аударыңыз.

- Баланың ең жақсы мүдделерін қорғау.

- Баланың жасына және өсіп-жетілуіне сәйкес оның көзқарастарына, пікіріне дұрыс назар аударыңыз.

- Баланың жағдайын жақсы білетін және кез-келген репортаждың саяси, мәдени, әлеуметтік салдары туралы жақсы бағалай алатын мамандармен кеңесіңіз.

- Балаға, оның ағасына, әпкесіне немесе құрдастарына қауіп төндіретін ештеңе жарияламаңыз (www.unicef.org, 2020)

Ендігі кезекте еліміздің ішкі заңнамаларына тоқталайық

Жасөспірімдердің ақпараттық қауіпсіздігі дегеніміз балалардың құқықтарын сақтай отырып, жеке мүдделеріне қол сұқпау және олардың денсаулығына және психологиялық-физикалық өсіп-жетілуіне зардап келтірмейтін ақпараттардан қорғауды қамтамасыз ету.

Елімізде кез келген медиа платформалар немесе онлайн-басылымдар арқылы жарияланатын жасөспірімдерге бағытталған ақпараттардың мазмұны мен тақырыбына, оның психологиялық оң немесе теріс ықпал-әсеріне қатысты, сонымен қатар оларды тұтыну және ой сүзгісінен өтуге қажетті нұсқаулықтар алу немесе арнайы тәрбиелік жұмыстар атқару жөнінде арнайы заң ережелері бар. Оның алғашқысы «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы Заң» (adilet.zan.kz, 2018). Бұл заңның негізгі міндеті мектеп оқушыларының кез келген ақпаратты сүзгісіз немесе сыни көзқарассыз қабылдай беретін әлсіз тұстарын арнайы қарастыра келіп, оларды психологиялық шабуылдардан немесе теріс пиғылдағы жат ағымдардың ықпалынан сақтаудың алғышарттарын жасау. Осы заңның 15-бабында «Қазақстан Республикасының аумағында жас санаты белгісі жоқ ақпараттық өнімді таратуға жол берілмейді» – деп көрсетілген. Ал 4-тарауында балаларға тыйым салынған ақпаратты қамтитын ақпараттық өнімді көмелетке толмағандарға таратуға жол берілмейтіндігі айтылған.

Бұл заң қағидаларындағы назар аударарлық мәселе, балалардың құқығын бұзатын басылым материалдары, аудио және бейне өнімдер әлеуметтік желілерде таралған жағдайда жастардың заңсыз мазмұндағы өнімдерге қол жеткізе ал-

мауы үшін түрлі шектеулер қолданылатындығы нақты көрсетілген.

Біздің зерттеу тақырыбымыздың негізгі нысаны әлеуметтік медиа болғандықтан, осы бағыттағы құқықтық реттеу ережелеріне назар аударайық. 2023 жылдың 10-шілдесінде елімізде «Онлайн платформалар және онлайн-жарнама туралы арнайы заң қабылданды (adilet.zan.kz, 2023). Оның 14-бабында «Қазақстан Республикасының аумағындағы онлайн-платформаларда құқыққа қайшы контентті орналастыруға және таратуға тыйым салынады» деп жазылып және қандай мазмұндағы ақпараттардың заңсыз контент болып табылатыны нақтыланған.

Заңға қайшы келетін кез келген ақпаратты немесе медиаөнімдерді жариялауды болдырмау не болмаса шектеу қоюға қатысты іс-шаралар «Байланыс туралы» ҚР Заңының 41-1-бабына сүйене отырып орындалады. Бұл туралы төмендегідей көрсетілген: «Байланыс желілері және (немесе) құралдары жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделеріне нұқсан келтіретін қылмыстық мақсаттарда, сондай-ақ көмекке толмағандарды сексуалдық қанауды және балалар порнографиясын насихаттайтын бұқаралық (жария) іс-шараларға қатысуға шақыруды қамтитын, балаға қатысты кибербуллинг мақсатында, ақпаратты тарату үшін пайдаланылған жағдайларда, ҚР Бас Прокуроры немесе оның орынбасарлары ҚР ұлттық қауіпсіздік органдарына байланыс желілерінің және (немесе) құралдарының жұмысын, байланыс қызметтерінің көрсетілуін уақытша тоқтата түру бойынша шаралар қабылдау туралы ұсыну енгізеді не бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органға интернет-ресурстарға және (немесе) оларда орналастырылған ақпаратқа қол жеткізуді уақытша тоқтата түру бойынша шаралар қабылдау туралы талаппен заң бұзушылықтарды жою туралы ұсыну енгізеді» (adilet.zan.kz, 2003). Бұл ережеге сәйкес, онлайн-платформаның иегері және өкілетті адамы арнайы комитеттің талап-ережелерін ескере отырып, 24 сағат көлемінде жасөспірім өміріне қауіп төндіретін материалды өз платформасынан алып тастауға міндетті болып табылады.

«Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Заңның 18-бабында қандай жағдайларда бейнеленетін адамның келісімі талап етілмейтіндігі нақты көрсетілген.

Елімізде азаматтардың бейнесін, фотосын нақты бір әлеуметтік желілерде жариялау және соған қатысты қосымша ақпараттар ұсыну ҚР

Азаматтық кодексінің 145-бабында көрсетілген ережелерге орай орналастырылады (adilet.zan.kz, 1994). Мәселен, 145-бапта төмендегідей көрсетілген:

1. Қандай да бір адамның суреттік бейнесін оның келісімінсіз, ал ол қайтыс болған жағдайда – мұрагерлерінің келісімінсіз пайдалануға ешкімнің де құқығы жоқ.

2. Басқа адам бейнелеген бейнелеу туындыларын (сурет, фотосурет, кинофильм және басқалар) – бейнеленген адамның келісімімен, ал ол қайтыс болғаннан кейін оның балалары мен артында қалған жұбайының келісімімен ғана жариялауға, қайта шығаруға және таратуға жол беріледі.

Жоғарыда біз еліміздің БАҚ-тары балалардың және олардың туғандары мен туысқандарының жеке бас құпиясын сақтамайды, жеке мәліметтерді ашық жариялайды деп айтқан болатынбыз, осыған орай бізде қандай заң баптары бар екен осыған тоқталайық. Бұл орайда ҚР Азаматтық кодексінің 144-бабында:

1. Азаматтың жеке өмір құпиясын, оның ішінде хат жазысу, телефон арқылы сөйлесу, күнделіктер, естеліктер, жазбалар, интимдік өмір, бала асырап алу, туу құпиясын, адвокаттық құпияны, медицина қызметкерінің, банк салымдарының құпиясын және Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияны қорғауға құқығы бар.

2. Күнделіктерді, жазбаларды, естеліктерді және басқа құжаттарды жариялауға – олардың авторының келісімімен, ал хаттарды олардың авторы мен алушысының келісімімен ғана жариялауға жол беріледі. Олардың қайсыбірі қайтыс болған жағдайда аталған құжаттар қайтыс болған адамның артында қалған жұбайының және балаларының келісімімен жариялануы мүмкін – деп жазылған.

Тағы бір айта кететін мәселе «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Заңның 10-бабында да азаматтардың жеке бас мәліметтерін заңдық тұрғыдан қорғау талаптары көрсетілген, бұған орай онлайн медианың иегері және өкілетті адамы:

2) дербес деректердің тұтастығын, сақталуын және құпиялылығын сақтауды қамтамасыз етеді;

3) пайдаланушының немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз дербес деректердің таралуына жол бермейді;

4) пайдаланушының дербес деректерінің құпиялылығы бұзылған жағдайда оны дереу хабардар етеді;

5) «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңында көзделген өзге де міндеттерді орындайды.

Бұл заңның үшінші тармағында онлайн-платформалардың қызмет атқаруының заңдық шектері анықталған, яғни оның иегерлері мен өкілдері:

8) кәметке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдауға;

10) арнайы күзіреті бар ұйымдардың шешімі бойынша заңсыз деп танылған материалды немесе жас балаларға психологиялық қысым көрсетілген ақпаратты жариялаған және таратушы онлайн басылымдар өз жұмыстарына шектеу қоюы қажет деп есептеледі.

Бұқаралық ақпарат құралдары және баланың ақпарат алу құқығы дегенде тоқталар тағы бір маңызды мәселе бар, ол – балаларға ұсынылатын медиаөнімнің сапасыз мазмұны. Балалар теледидар көретін және бұқаралық ақпарат құралдарының басқа түрлеріне қол жеткізетін қоғамның маңызды бөлігін құрайды. Бірақ, өкінішке орай, қоғамның бұл бөлігі көрермендер ретінде жаңалықтар хабарларында да, баспа басылымдарында да назардан тыс қалады. Балаға сәйкес келетін тиісті ақпаратты алу баланың ақпарат алу құқығына жатады. Балаларға арналған жаңалықтар мазмұнының болмауына байланысты балалар немесе кәметке толмағандар газет оқуға онша қызығушылық танытпайды. FICCI – KPMG 2013 жылғы есебінде балалар мен жастардың назарын аудара алмау баспа индустриясына қауіп төндіруі мүмкін екенін атап өтті (www.internews.org, 2014).

Бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты барлық сындарды былай қойғанда, біз жергілікті медианың бала құқықтарын ілгерілету бағытындағы бастамаларын көргіміз келеді. Өкінішке орай, бұл әзірге мүмкін болмай тұр.

Елімізде балаларға арналған «Балапан» телеарнасы жұмыс істейді. Әрине, онда бүлдіршіндер мен жасөспірімдер үшін неше түрлі қызықты хабарлар ұйымдастырылады. Салалық журналистика енді ғана белсенді дамып келе жатқан ел ретінде, бұл бастаманы құптарлық дейміз. Бірақ, бір өкініштісі, осы телеарнада балалардың құқығын қорғау немесе қауіпсіздігін сақтау мәселесіне қатысты бірде-бір ағартушылық бағдарлама жоқ.

«Бұқаралық ақпарат құралдары адамдардың санасына жақсы әсер етеді. Үкіметпен бірлесе отырып бұқаралық ақпарат құралдары баланың құқықтарын қорғау шараларын жүзеге асыру-

ға бет бұра алады, ал балаларды оқыту арқылы оларды өз құқықтарымен таныстыра алады. Алайда, бұқаралық ақпарат құралдары баланың құқықтарына әсер ететін мазмұнды ұсынуда мұқият және этикалық тұрғыдан сақ болулары керек. Балаларға «үнсіз аудитория» ретінде қарауға болмайды; керісінше, бұқаралық ақпарат құралдары оларға «мақсатты аудитория» ретінде қарауы керек» (Runam, 2021)

Қорытынды

Елімізде жасөспірімдердің заңдық деңгейде көрсетілген құқықтарының сақталуын және олардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету тек қана ата-ананың жауапкершілігіндегі мәселе емес, ол педагог, психолог сияқты арнайы кәсіби мамандардың ыждаһатын талап етіп қана қоймай, бұған қоғам болып жұмылуды қажет ететін күрделі сұрақ. Осыған орай медиа мамандары да бұл бағытта уақыттың үдесінен шығар шешімдерді ұсынып, бұл мәселенің этикалық қағидаттарын ұстану қажеттігі қазіргі таңдағы бірінші кезектегі қағидат екенін түсінгендері жөн.

Балалардың құқықтарын қорғаудағы бұқаралық ақпарат құралдарының атқарар рөлін саппай келе, төмендегідей ұсыныстар айтқымыз келеді:

- Бұқаралық ақпарат құралдарының балаларға оң немесе теріс ықпалы туралы өте аз тәжірибелік зерттеулер жүргізілгендіктен, балалар өз пікірлерін білдіре алатын жерлерде мұндай зерттеулерді жүргізу ісін ынталандыру керек.

- Балалардың іс-әрекетін жариялауға қатысты заңдар мен нұсқаулықтардың сақталуына мониторинг жүргізетін агенттіктерге баланың келісімінсіз жеке өмірге қол сұғатын бұқаралық ақпарат құралдарын тез арада жазалау және жазалау үшін көбірек өкілеттіктер берілуі керек.

- Медиа агенттіктер журналистерді арнайы оқытуды ұйымдастырып, оларды балалармен жұмыс істеуге үйретуі керек.

- Елімізде жарық көретін балаларға арналған басылымдарда жасөспірімдердің құқықтық және медиасауаттылығын арттыратын материалдарды үнемі жариялап отыру қажет.

- Балаларға қатысты мазмұнды әзірлеу бойынша балалар арасында байқауларды жүйелі түрде ұйымдастыру және трансляциялау қажет.

Қоғамның балалар алдындағы жауапкершілігі, оның ішінде медианың атқарар ағартушылық және қауіпсіздік қызметтері қай кезеңде болмасын өзекті болып қала бермек.

Әдебиеттер

- Асылбеков У.Б., Исмаилова А.А. (2019) Киберқауіпсіздік: оқу құралы. – Алматы: «Бастау», 2019. – 360 б.
- Асылова Б.А. (2021) Дүниежүзілік балалар күніне арналған брифингте сөйлеген сөзі /19.11.2021. – Сілтеме: <https://www.gov.kz/memleket/entities/bala/documents/details/236286?lang=kk>
- Бектур Т. (2022) Еліміздегі әлеуметтік желінің қазіргі көрінісі // @timurbektur, 2022.
- Evangelio, C., Gonzalez, S. (2021) Cyberbullying in elementary and middle school students: A systematic review J Computers and Education, Volume 176, <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2021.104356>
- Ли, Э. П., Гай, С. Р. (2018) Медиаэтика. Жас мамандар тәжірибесінен. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы. – 2018 жыл. – 304 бет.
- Lund, L., Sølvhøj, I.N., Danielsen, D. et al. (2021) Electronic media use and sleep in children and adolescents in western countries: a systematic review. BMC Public Health 21, 1598 <https://doi.org/10.1186/s12889-021-11640-9>
- Pune, P. M., & Shashtra, N. (2020). Role of media in protection of child rights in India- a socio-legal perspective. Nyaayshastra Law Review, 2(1), <https://www.nyaayshastra.com/volume-2-issue-1>. <https://doi.org/10.17613/4ejx-7w44>
- Protecting the Rights of Children: The Role of the Media: Lessons from Brazil, India and Kenya, www.internews.org. – Available at: https://internews.org/wp-content/uploads/legacy/resources/InternewsEurope_ChildRightsMedia_Report_2014.pdf
- Raphael, R. O. (2021) How Twitter has been used for share pedophilia content in 2020: An empirical study. – Available at: <https://dl.acm.org/docs/Z0400000567>
- Coelho, R.R., Oliveira, J. (2021) How Twitter has been used for share pedophilia content in 2020: An empirical study. – Available at: <https://doi.org/10.1145/3470482.3479473>
- Guidelines for Journalists Reporting on Children, www.unicef.org. – Available at: <https://www.unicef.org/eca/media/ethical-guidelines>
- Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы ҚР Заңы 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI ҚРЗ. – Сілтеме: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000169>
- Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы ҚР Заңы 2023 жылғы 10 шілдедегі № 18-VIII ҚРЗ. – Сілтеме: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z23000000018>
- «Байланыс туралы» ҚР Заңы туралы ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 17 қарашадағы N 1153 қаулысы. – Сілтеме: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0400000567>
- ҚР азаматтық кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII. – Сілтеме: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_#z165
- 2023 жылғы Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы баяндама. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі. – Астана, 2024//<https://www.gov.kz/memleket/entities/bala/documents/details/827552?lang=kk>

Электронды ресурстар

- Адилъенов И. Шонжыда 12 жасар қызды зорлаған зейнеткер туралы тың дерек шықты / orda.kz сайты, 19.04.2023. – Сілтеме: <https://kaz.orda.kz/shonzhada-12-zhasar-qyzdy-zorlaghan-zejnetker-twrly-tyng-derek-shyqty/> 02.01.2025
- Болатұлы Е. (2023) «Балалар қатыгез болып барады»: министр ережесіз жекпе-жек көрсетіліміне шектеу қойылатынын ескертті. – Сілтеме: <https://halyq-uni.kz/kozkaras/24621-balalar-katygez-bolyp-barady-ministr-erezhesiz-zhekpe-zhek-korsetilimine-shek-teu-koilyatynyn-eskertti/> 29.12.2024
- Мұқанова А. Жетісу облысында оқушы қыз жездесінен жүкті болып қалған. 11.10.2023. – Сілтеме: <https://kaz.inform.kz/news/zhetsu-oblisinda-okushi-kiz-zhezdesnen-zhukt-bolip-kalgan-labcd1/>
- Мұратбекқызы Ә., Бала құқығы – басты мәселе: Медиа мамандары арнайы ұсыным әзірледі/Ана тілі газеті, 27 сәуір 2023 жыл. – Сілтеме: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/61768> 29.12.2024
- Сапар М. (2023) Адамшошырлық жайт: Төлеби ауданының 15 жастағы қыз топтық зорлаудың құрбаны болды, 11.10.2023. – Сілтеме: <https://onnews.kz/378/adamshoshyrlly-zhayt-t-lebi-audany-15-zhasty-y-zy-topty-zorlaudy-rbany-boldy> 29.12.2024
- Алматы облысында жасөспірімдерді зорлау оқиғасы көбейді, 12.12.2019. – Сілтеме: <https://egemen.kz/article/215654-almaty-oblysynda-dgasospyrimderdi-zorlau-oqighasy-kobeydi> 29.12.2024
- Отырарда балабақша қызметкері бастауыш сынып оқушыларын зорлаған/ «Егемен Қазақстан», 20.10.2023. – Сілтеме: <https://egemen.kz/article/351247-otyrarda-balabaqsha-qyzmetkeri-bastauysh-synyp-oqushylaryn-zorlaghan> 29.12.2024
- 3 жастағы қос қызды зорлаған өгей нағашы атасы жайлы тың деректер шықты. 4.10.2023. – Сілтеме: <https://kyn.kz/31877/3-zhasty-os-yzdy-zorla-an-gey-na-ashy-atasy-zhayly-ty-derekt-shy-ty> 29.12.2024

References

- Asylbekov, U.B., Ismailova A.A. (2019) Kiberkauipsizdik: oku kuraly. [Cybersecurity] – Almaty: «Bastau», 2019. – 360 b. [in Kazakh]
- Asylova, B.A. (2021) Duniezhuzilik balalar kunine arnalgan brifingte soilegen sozi. [Speech at the briefing dedicated to the World Children’s Day]. 19.11.2021. – Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/bala/documents/details/236286?lang=kk> [in Kazakh]

- Bektur, T. (2022) Elimizdeki aleumettik zhelinin kazirgi korinisi [Modern vision of the social network in the country]. – Available at: @timurbektur. [in Kazakh]
- Evangelio, C., Gonzalez, S. (2021) Cyberbullying in elementary and middle school students: A systematic review J Computers and Education, Volume 176, <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2021.104356>
- Li, E. P., Gai, S. R. Mediaetika [Media ethics]. – Almaty: Ulttyk audarma biurosy. – 2018. – 304 b.
- Lund, L., Sølvhøj, I.N., Danielsen, D. et al. (2021) Electronic media use and sleep in children and adolescents in western countries: a systematic review. BMC Public Health 21, 1598 <https://doi.org/10.1186/s12889-021-11640-9>
- Pune, P. M., & Shashtra, N. (2020). Role of media in protection of child rights in India- a socio-legal perspective. Nyaayshastra Law Review, 2(1), <https://www.nyaayshastra.com/volume-2-issue-1>. <https://doi.org/10.17613/4ejx-7w44>
- Protecting the Rights of Children: The Role of the Media: Lessons from Brazil, India and Kenya, www.internews.org. – Available at: https://internews.org/wp-content/uploads/legacy/resources/InternewsEurope_ChildRightsMedia_Report_2014.pdf
- Raphael, R. O. (2021) How Twitter has been used for share pedophilia content in 2020: An empirical study. – Available at: <https://dl.acm.org/doi/abs/10.1145/3470482.3479473>
- Coelho, R.R., Oliveira, J. (2021) How Twitter has been used for share pedophilia content in 2020: An empirical study. – Available at: <https://doi.org/10.1145/3470482.3479473>
- Guidelines for Journalists Reporting on Children, www.unicef.org. – Available at: <https://www.unicef.org/eca/media/ethical-guidelines>
- Balalardy densaulgy men damuyna zardabyn tizizetin akparattan korgau turaly KR zany [The Law of the Republic of Kazakhstan on the Protection of Children from information that harms their health and Development]. 2.06.2018. № 169-VI. – Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000169> [in Kazakh]
- Onlain platformalar zhane onlain zharnamalar turaly KR zany [The Law of the Republic of Kazakhstan on Online platforms and online advertising]. 10.07. 2023 № 18-VIII. – Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000018> [in Kazakh]
- «Bailans turaly» KR zany turaly KR Ukimetinin 2003 zhylgy 17 karashadagy N 1153 kaulysy [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated November 17, 2003 No. 1153 «On the Law of the Republic of Kazakhstan «On Communications»] – Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0400000567> [in Kazakh]
- KR Azamattyk kodeksi [Civil Code of the Republic of Kazakhstan]. 27.12.1994. №268-XIII. – Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_#z165 [in Kazakh]
- 2023 zhylgy Kazakstan Respublikasyndagy balalardyn zhagdaiy turaly baiondama. Kazakstan Respublikasynin Oku-agartu ministirligi [Report on the state of children in the Republic of Kazakhstan in 2023. Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan]. – Astana, 2024 // <https://www.gov.kz/memleket/entities/bala/documents/details/827552?lang=kk>

Electronic resources

- Adilchenov I. (2023) Shonzhya 12 zhasar kyzdy zorlagan zeinetker turaly tyn derek shykty. [A new fact about a pensioner who raped a 12-year-old girl has appeared in Chonzh] 19.04.2023. – Available at: <https://kaz.orda.kz/shonzhada-12-zhasar-qyzdy-zorlagan-zejnetker-twraly-tyng-derek-shyqty/> [in Kazakh]
- Bolatuly E. (2023) «Balalar katygez bolyp barady»: ministr erezhesiz zhekpe-zhek korsetilimine shekteu koiylatynyn eskertti [the minister warned that fights without rules will be limited]. 29.08.2023. – Available at: <https://halyq-uni.kz/kozkaras/24621-balalar-katygez-bolyp-barady-ministr-erezhesiz-zhekpe-zhek-korsetilimine-shekteu-koiylatynyn-eskertti/> [in Kazakh]
- Mukanova A. (2023) Zhetisu oblysynda okushy kyz zhukti bolyp kalgan [In Zhetysu region, a schoolgirl became pregnant from a relative]. 11.10.2023. – Available at: <https://kaz.inform.kz/news/zhetsu-oblisinda-okushi-kiz-zhezdesnen-zhukt-bolip-kalgan-1abcd1/> [in Kazakh]
- Muratbekkyzy A.(2023) Bala kuckygy – basty masele [The rights of the child – the main issue]. 27.04.2023. – Available at: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/61768> [in Kazakh]
- Sapar M. (2023) Adamshoshyrylyk zhait: Tolebi audanyan 15 zhashtagy kyz toptyk zorlaudy kurbany boldy [A terrible event: a 15-year-old girl from the Tolebi district became a victim of gang rape]11.10.2023. – Available at: <https://onnews.kz/378/adamshoshyrylyk-zhayt-t-lebi-audanyan-15-zhashtagy-yp-toptyk-zorlaudy-rbany-boldy> [in Kazakh]
- Almaty oblysynda zhasospirimderdi zorlau okigasy kobeidi [The number of cases of rape of teenagers has increased in Almaty region]. 12.12.2019. – Available at: <https://egemen.kz/article/215654-almaty-oblysynda-dgasospirimderdi-zorlau-oqighasy-kobeydi> [in Kazakh]
- Otyrarda balabaksha kyzmetkeri bastauysh synyp okushylaryn zorlagan [In Otrar, a kindergarten employee raped elementary school students]. 20.10.2023, – Available at: <https://egemen.kz/article/351247-otyrarda-balabaksha-qyzmetkeri-bastauysh-synyp-oqushylaryn-zorlagan> [in Kazakh]
- 3 zhashtagy kos kyzdy zorlagan ogei nagashy atasy zhaily tin derekter shykty [New facts about the step-grandfather who raped 3-year-old twins]. 4.10.2023. – Available at: <https://kyn.kz/31877/3-zhashtagy-os-ypdy-zorla-an-gey-na-ashy-atasy-zhayly-ty-derekter-shy-ty> [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Ошанова Орынтай Жаңабайқызы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты (Алматы қаласы, Қазақстан, эл. почта: oryntay73@gmail.com);

Борибаева Сафура Болатовна – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультеті Дипломатиялық аударма кафедрасы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент кандидаты (Алматы қаласы, Қазақстан, эл. почта: sofikazgu@mail.ru);

Орнықбай Тоқтабай – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының докторанты (Алматы қаласы, Қазақстан, эл. почта: ornyqbay@mail.ru);

Information about authors:

Oshanova Oryntay – Associate Professor of the UNESCO Chair in Journalism and Communication of Al-Farabi Kazakh National University, candidate of Philological Sciences (Almaty, Kazakhstan, e-mail: oryntay73@gmail.com);

Boribayeva Safura – Associate Professor of the Department of Diplomatic Translation, Faculty of International Relations, Al-Farabi Kazakh National University, Candidate of Philological Sciences, (Almaty, Kazakhstan, e-mail: sofikazgu@mail.ru);

Ornykbay Toktabay – doctoral student at the UNESCO Chair in Journalism and Communication, Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: ornyqbay@mail.ru);

Келіп түсті: 11 наурыз 2025 жыл

Қабылданды: 26 мамыр 2025 жыл

Ш.И. Калиаждарова^{1*}, **С.В. Ашенова¹**,
Ж.Д. Сейтжанова¹, **К.С. Мукушева²**

¹Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Алматы, Қазақстан

²«Торайғыров университеті» КеАҚ, Павлодар, Қазақстан

*e-mail: s.kaliazhdarova@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ТЕЛЕАРНАЛАРЫ ЖАҢАЛЫҚТАР ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Әлемдік ақпараттық кеңістіктегі өзгерістер Қазақстан медиа саласына да әсер етті. Бұл әсіресе күнделікті ақпарат таратумен айналысатын жаңалықтар қызметі келбетінің өзгеруіне әкелді.

Ғылыми жұмыстың мақсаты – тележаңалықтар қызметіндегі ақпарат беру әдіс-тәсілдеріндегі өзгерістерді, жаңалықтың эфирден беру реттілігіне қойылатын талаптарын және технологиялық прогрестің жаңалықтар мазмұны мен эстетикасына әсерін анықтау.

Телеарналардағы жаңалықтар қызметі – жан-жақты зерттелген сала болғанымен, ондағы заманауи үдерістер үнемі саралауды талап етеді.

Зерттеудің идеясы – телевизиялық ақпараттың сапалық ерекшеліктерін ашу арқылы оның заманауи медиажүйедегі орнын айқындау.

Ғылыми-практикалық мәні – бұл зерттеу тележурналистиканың қазіргі даму үрдістерін түсінуге мүмкіндік береді және телевизиялық жаңалықтар қызметін жетілдіруге қажетті практикалық ұсыныстарды айқындайды. Әлеуметтік желілердің ықпалы артып жатқан кезеңде, телевизияның өзіндік артықшылықтарын сақтап қалу жолдарын қарастырады.

Зерттеу әдіснамасы – жұмыс барысында 24kz, 31-арна, КТК секілді танымал отандық арна өнімдері талданып, ғалымдар, медиамамандар мен сарапшылар пікірі негізінде салыстырмалы талдау жасалып, тәжірибелік маңызы анықталды.

Құндылығы – бұл мақала тележурналистиканың кәсіби және технологиялық жаңару жолдарын көрсету арқылы отандық телевизияның сапалы дамуына ықпал етеді. Жаңалықтар эстетикасының өзгерістері, аудиторияға ақпарат жеткізу әдістерінің эволюциясы практикалық және теориялық деңгейде зерделенді. Сондай-ақ, телеарна басқа бейнеплатформалармен бәсекелестікке түстік деп, өзінің кәсіби деңгейін түсіріп алмау мәселесі, телевизия – сапалы өнім өндіретін орта, технологиялық прогресс ТВ-дағы үрдістерді үнемі өзгертіп тұратындығы, телевизиялық бейнеконтент құндылығын түсіріп алмау қажеттігін қамтуымен құнды.

Түйін сөздер: эстетика, прогресс, фотопостер, ньюсмейкер, полиэкран, ракурс.

Sh.I. Kaliazhdarova^{1*}, S.V. Ashenova¹, Zh.D. Seitzhanova¹, K.S. Mukusheva²

¹International University of Information Technologies, Almaty, Kazakhstan

² NJSC «Toraighyrov University», Pavlodar, Kazakhstan

*e-mail: s.kaliazhdarova@iitu.edu.kz

New Technological Techniques in Presenting News on Kazakhstan Television

Changes in the global information space have had a significant impact on Kazakhstan's media industry. This has led to a noticeable transformation of the news service while preserving the peculiarities of daily information dissemination.

The purpose of the research work is to identify the changes in the methods of information transmission by modern TV channels, to study the current requirements for the air and sequence of news, and to identify the impact of technological progress on the content and aesthetics of news.

Although the news service on TV channels is a comprehensively studied area, nevertheless, modern processes occurring in it require constant differentiation and actual research concerning the determination of the place of TV news broadcasting in the modern media system by revealing the qualitative features of television information.

The scientific and practical significance lies in the fact that this study allows us to understand the current trends in the development of TV journalism and determines practical recommendations necessary to improve television news activities. In the period of the growing influence of social networks, ways of preserving television's own advantages are considered.

Research methodology – in the course of work on the article, popular domestic TV channels and their products, such as 24kz, Channel 31, KTK, were analyzed, a comparative analysis was carried out on the basis of scientific literature and empirical experience of experts and professionals in the field of journalism. Changes in the aesthetics of news and the evolution of methods of transmitting information to the audience were studied at the practical and theoretical levels.

The conclusions and practical recommendations presented in the article can contribute to the qualitative development of domestic television, showing the ways of professional and technological renewal of TV journalism. In addition, the conclusions drawn allow us to argue that modern TV channels today are valuable precisely because they can successfully compete with other video platforms without losing their professional level since television is primarily a medium for the production of quality products, where technological progress constantly changing trends in TV is able not to level but to increase the value of TV video content.

Key words: aesthetics, progress, photoposter, newsmaker, polyhedron, rakurs.

Ш.И. Калиждарова^{1*}, С.В. Ашенова¹, Ж.Д. Сейтжанова¹, К.С. Мукушева²

¹Международный университет информационных технологий, Алматы, Казахстан

²НАО «Торайгыров Университет», Павлодар, Казахстан

*e-mail: s.kaliazhdarova@iitu.edu.kz

Новые технологические приемы в подаче новостей на телевидении Казахстана

Изменения в мировом информационном пространстве значительно повлияли на медиаотрасль Казахстана. Это привело к заметной трансформации службы новостей, при сохранении особенности ежедневного распространения информации.

Цель научной работы – выявить произошедшие изменения в методах передачи информации современными телеканалами, изучить актуальные требования к эфиру и последовательности выпуска новостей, выявить влияние технологического прогресса на содержание и эстетику новостей.

Хотя служба новостей на телеканалах – это всесторонне изученная область, тем не менее современные процессы, происходящие в ней, требуют постоянной дифференциации и актуальных исследований, касающихся определения места новостного телеэфира в современной медиасистеме, путем раскрытия качественных особенностей телевизионной информации.

Научно-практическая значимость состоит в том, что данное исследование позволяет понять современные тенденции развития тележурналистики и определяет практические рекомендации, необходимые для совершенствования телевизионной новостной деятельности. В период растущего влияния социальных сетей, рассматриваются способы сохранения собственных преимуществ телевидения.

Методология исследования : в ходе работы над статьей были проанализированы популярные отечественные телеканалы и их продукция, такие как 24kz, 31 канал, КТК, проведен сравнительный анализ на основе научной литературы и эмпирического опыта экспертов и профессионалов в области журналистики. Изменения эстетики новостей, эволюция методов передачи информации аудитории изучались на практическом и теоретическом уровнях.

Выводы и практические рекомендации, представленные в статье, могут способствовать качественному развитию отечественного телевидения, показывая пути профессионального и технологического обновления тележурналистики. Кроме того, сделанные выводы позволяют утверждать, что современные телеканалы сегодня ценны именно тем, что могут успешно конкурировать с другими видеоплатформами, не теряя своего профессионального уровня, так как телевидение в первую очередь – это среда производства качественной продукции, где технологический прогресс, постоянно меняя тенденции работы ТВ, способен не нивелировать, а повышать ценность телевизионного видеоконтента.

Ключевые слова: эстетика, прогресс, фотопостер, ньюсмейкер, полизкран, ракурс.

Кіріспе

Телевизиялық шығармашылықтың ең таңымал, өзекті әрі тиімді түрі – жаңалықтар бағдарламасы. Қай телеарна болмасын жаңалықтар қызметіне басымдық береді және оның кәсіби деңгейде шығуына күш салады. Ғалымдардың пайымдауынша, жаңалықтар қызметіндегі жур-

налистер көрермендерді бағыттауға, шындық моделін құруға, әлеуметтік топтардың ойларын жеткізуге және қоғамды біріктіру секілді құндылық платформаларын қалыптастыруға атсалысады (Байдина, 2012: 134).

Жаңалық – тележурналистиканың даму көрсеткіші. Кез келген телеарна жаңалықтар бөліміне мықты мамандарды (тілшілер, оператор-

лар, техникалық қызметкерлер, дизайнер, т.б) топтастыруға тырысады, жаңа техникалармен қамтамасыз етіп, жаңалықтар студиясының дизайнын ауыстырып, ақпарат беру, түсіру және монтаждау сапасын қадағалап, көрермендермен байланыс орнату жағын үнемі жетілдіріп отырады. Ал қазір ақпаратты жеткізудегі әлеуметтік желілердің басымдығын ескерсек, телеарна үшін талап одан сайын күшейе түседі. Десек те, сапалық көрсеткіші жағынан телевизиялық ақпараттың орны ерекше екенін ешкім жоққа шығара алмайды.

Қазақстан Журналистер Академиясының мүшесі Ж.Сүлеевтің пікірінше, телевизия әлі күнге дейін YouTube, TikTok және басқа да әлеуметтік желілермен салыстыруға келмейтін классикалық аудиовизуалды медиа. Әлеуметтік желілерде шынайылығы жиі күмән келтіретін бейнелер ағыны жеткілікті. ТВ ескірген жоқ, ол цифрлық жүйеге еніп жатыр (Исабаева, 2024).

Ресми деректер сүйенсек, қазақстандықтардың 40%-дан астамы күнделікті теледидар көреді және оны қарауға 173 минут жұмсайды. Телевизия – сенімді ақпарат көзі болып қала берді және отандық тележобаларға сұраныс артып отыр (24 kz, 2024).

Зерттеулер көрсеткендей, көрермен ақпаратты әлеуметтік желі арқылы білгенімен, телевизия арқылы жаңалықтың рас немесе жалған екендігін тексеретіндіктерін жоққа шығармайды. Сол себепті телеақпарат осымен де құнды.

Әлемдік ақпараттық кеңістіктегі үрдістер ең алдымен жаңалықтар қызметіне әсер етеді. Сондықтан медиаортадағы қазіргі өзгерістерді жаңалықтар қызметі де өткеріп отыр. «Өйткені аудитория дәл қазір отандық қана емес, ғаламдық ақпарат құралдарын көруге мүмкіндігі бар. Әр арна заман талабына сай ақпарат таратып, бәсекелестік ортаға төтеп беруге тырысуда» (Калиаждарова, 2023: 10).

Телеарнаның редакциялық ұстанымына қарай жаңалықты беру ракурстары өзгеріп, жаңа технологиялар жаңалықтар эстетикасының ерекшеленуіне әкелді. Бұл шығармашылық ұжымды жаңа көзқараспен басқаруға бағыттап отыр. Сол себепті зерттеу жұмысында жаңалықтар қызметіндегі ақпаратты беру әдіс-тәсілдері мен оларды эфирден берудегі реттілікке қойылатын талаптардағы өзгерістер, пікір мен факт журналистикасы, техникалық және технологиялық прогрестің жаңалықтар эстетикасына әсері талдауға алынды.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу, мақсаты мен міндеттері

Медиакеңістік үнемі өзгеріп отырады. Телеарналардың өнімдері мен оларды тарату әдістерін құбылтып отыратын үрдістер қатары артып келеді. Мұндай үрдістерден қазақстандық арналар да қалыс қалып отырған жоқ. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, соңғы бес жылда тележаңалықтың бейнелік көркемдігі артты. Компьютерлік технологиялар арқылы түрлі эффекттерді қолдану арқылы аудиторияға әсерлі бейнематериал ұсынып отыр. Жаңалық эстетикасындағы елеулі өзгерістер, тілшілердің материалды әр ракурстан берудегі әдіс-тәсілдері, мұндай ақпараттың аудитория әсері назарға алынып, Qazaqstan, КТК және 31-арна жаңалықтар қызметі аясында талдау жасалды. Сонымен қатар желілік платформалармен бәсекелестік, аудитория сұранысын қанағаттандыру жолындағы жаңа үдерістер ықпалы да қарастырылды.

Әдебиетке шолу

Телевизиялық контент, оның ішінде жаңалықтар қызметіне арналған ғылыми еңбектер қатары жетерлік. Олардың басым бөлігі телеөнім мазмұны мен шығармашылық ізденістерге бағытталған. Ал телевизиядағы заман талабына сай туындаған жаңалық эстетикасына қатысты зерттеулер аз.

Зерттеу жұмысы барысында қазақстандық ғалымдар М. Абдраев, Ж. Әбдіжәділқызының (Абдраев, 2021; Әбдіжәділқызы, 2017) жаңалықтар қызметінің бет-бейнесі туралы айтылған ғылыми тұжырымдары назарға алынды. Жаңалықтар қызметінің басқа шығармашылық топтардан ерекшелігі, жаңалыққа қойылатын басты талаптар тұрасында тәжірибелі тележурналистер Ү. Есенбекова, Д. Меркеев, Ш. Калиаждарованың (Есенбекова, 2018; Д. Меркеев 2017; Калиаждарова, 2022) пікірлеріне арқа сүйендік.

Шетелдік ғалымдар S.Gillman, S. Schram, A. Athique (Gillman, 2019; Schram, 2010; Athique, 2013) жаңалықтың құндылығы, оның аудиторияға ықпалы, цифрлық жүйедегі орны туралы айтқан ғылыми тұжырымдамалары зерттеудің басты мақсатын ашуға ықпал етті.

Ал жаңалықтар қызметіне техникалық және технологиялық прогрестің әсері туралы ойларымызды қорытуға ресейлік медиамамандар

В. Байдина мен Р. Даутованың (Байдина, 2012; Даутова, 2018) пікірлері себеп болды.

Зерттеу барысында пайдаланылған еңбектер эфирлік туындыларды технологиялық және эстетикалық мазмұны тұрғысынан сараптама жасауға ықпал етті. Жаңалықтар қызметіне жаңа трендтер енген сайын ол арнайы зерттеуді талап етеді. Жаңа бағыт – телеарнаға жаңа леп, ерекше стиль әкеледі.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Тақырыпты ашу барысында тележаңалық қызметін зерттеген ғалымдар еңбегіне сүйене отырып, Қазақстан арналарындағы ақпараттық материалдарға талдау жасалды. Жаңалықтың заманауи эстетикалық сипатын анықтауда отандық және шетелдік медиамамандардың көзқарастарына назар аударылды. Сонымен қатар көрерменнің фактілерді қабылдау, оларды жеткізудегі журналистердің стильдік ерекшелігі, эфирден жаңалықты беру ретіндегі ұстанымдары, эфир келбетін өзгертудегі технологияның рөлі жан-жақты зерттелді.

Ақпараттық журналистиканың негізгі нысаны – факт. Ол аудиторияға жылдам жету керек. Медиамамандардың сөзіне жүгінсек, жаңалық – журналистиканың шынайы деректер беретін түрі болғанымен, көрерменнің фактілерді қабылдауы оның стилистикалық бағытына тікелей байланысты (Байдина, 2012: 137). Елімізде ақпаратты әртүрлі тәсілдермен жеткізу коммерциялық арналардың ашылуымен тікелей байланысты. Мұндай арналар көрерменді тарту мақсатында жаңалықтардың эфирдегі реттілігіне, студияның безендірілуі, тілшілердің ақпаратты жеткізу әдістеріне өзгеше талап қойды. Бұл арналардың жаңалықтар қызметі арасында бәсекелестікті күшейтті.

Медиасыншылар қазіргі жаңалықтар драмалық сипат алып бара жатқандығын айтады. «Эмоциясы, драйвы, дискуссиясы жоқ өнімге аудитория назар аудармайды» (Мишин, 2003), керісінше, «төтенше оқиғаны ең жойқын, ең алапат, ең сұмдық жағдай деңгейіне көтере суреттеген, жыныстық қатынас, зорлық-зомбылық, қатыгездік секілді тақырыптарды бар деталіне дейін тәптіштеп, әуестене баяндаған, жиіркеніш, өшпенділік сияқты жағымсыз эмоцияны үдететін тілді қолдану арқылы берілетін материалдарға сұраныс артқан» (Мұхтаров, 2021).

Мамандар сөзіне жүгінсек, телевизия тәжірибесінде фактілерді көрерменге жедел жеткізу

сипаты әлсіреп барады. Бұл интернет кеңістікте күшейіп, телесала керісінше, фактілерді талдау, салдарын болжауға басымдық беруде (интерпретациялау). Мысалы, Qazaqstan ұлттық арнасындағы «Ашық алаң» жобасы бұған нақты мысал бола алады. Қоғамда ерекше назар аударған жаңалықты негізге ала отырып, пікірталас арқылы деректерді талдап, бір жаңалық аясында жан-жақты ақпарат пен болжам беріледі. «Әуе апаты: Қазақстанның ұстанымы» (Әзербайжан елінің ұшағының құлауы. Халықаралық талаптар бойынша мұндай апаттар қалай тергеледі? Эфир: 30.12.2024), «Отандық автонарықты қалай қорғаймыз?» (Елімізде соңғы 9 ай ішінде 82 мың автокөлік өндірілген. 3 жылда бұл көрсеткішті 2 есеге арттыруға болады. Бұл қаншалықты дәйекті? Эфир: 29.10.2024).

Ал Хабар агенттігіндегі «Бетпе бет» бағдарламасы да интерпретациялық контент. Диалогқа құрылған жобада елде болған маңызды жаңалық фактілері жан-жақты сараланды. Десек те эфирде жаңалық сараланғанымен, хабар барысында жедел ақпарат элементтерін қосу, тікелей қосылулар, тақырыпқа байланысты түсірілген бейнеүзінділер, көрермендердің әлеуметтік желі арқылы редакцияға жіберген пікірлерін жүргізушілердің сол мезетте талқылауы секілді үрдіс қолға алынбаған. Дәл осы тектес «60 минут», «Место встречи» секілді Ресей өнімдерінен осы аталған интерактивті элементтерді көруге болады. Хабар ұзақ болғанымен фактілерді талдаудағы түрлі визуалды әдістер көрерменді эфир алдында ұстап қалады.

Нәтижелер және талқылау

Жаңалықтар қызметі қазір «хард жаңалық» (қатты) беруге басымдық беріп отыр. Олар фактіге негізделген хабарламадан тұрады және кім? не? қашан? қалай? деген сауалдарға жауап беріп, минималды детальдардан тұрады. Мысалы, 24kz арнасының жаңалықтар қызметі күніне бірнеше рет эфирге шығады: 10.00, 12.00, 16.00, 18.00, 20.00, 22.00. Телевизия тәжірибесінде жаңалықтар шығарылымын күндізгі (day time) және кешкі уақытқа (prime time) бөліп қарастырады. Шығарылымда ұсынылатын материалдар қайталанбайды немесе өнім толықтырылып беріліп отырады.

Жаңалықтар арнасының танертеңгі және күндізгі эфирлері күннің басты тақырыбын қамтитын ақпарат блоктарының қайталануынан тұрады. Бұл тақырыптар графикалық түрде – мә-

тінмен және тақырып ретінде номинативті түрде белгіленеді. Мысалы: «Самар – Шымкент трасса-сындағы жол апаты», «Ақтаудағы жағдай» және т.б. Арнаның таңертеңгі шығарылымдарында жеңіл ақпараттар беріліп, олардың басым бөлігі кадрдан тыс мәтін мен синхроннан тұрады. 24kz арнасының 31.12.2024 жылғы сағат 10.00 және 12.00-дегі шығарылымдарына назар аударсақ, эфир кестесінің бастапқы бөліктерін толық емес ақпараттар қамтыса (КТМ, КТМ+СНХ), екінші бөлігінде үш бейнематериал берілді. 12.00-дегі шығарылымда бұл сюжеттер қайталанып көрсетілді. Ал сағат 16.00, 18.00-дегі шығарылымдарының эфирлік кестесі саяси, әлеуметтік күрделі тақырыптармен толықтырылды. Кешкі шығарылымдарын түрлі айдарға бөліп, эфирді бірнеше жүргізуші жүргізеді: негізгі жүргізуші, халықаралық шолушы және «Первая цифра» айдарын жүргізуші, сонымен қоса күннің басты тақырыбы бойынша сарапшы тікелей эфирге қосылады (24kz, эфир: 31.12.2024). Бірнеше жүргізушінің эфир тізгінінде болуы хабарға динамика, эмоция және бейнелік ерекшелік береді. Бұл да аудитория назар аударатын ерекше әдіс.

Телесаладағы техникалық және технологиялық прогресс жаңалықтар эстетикасының өзгеруіне әкелгенін тәжірибе көрсетіп отыр. Зерттеуші А. Құрманбаеваның пайымдауынша, жаңалық ұсынудағы коммуникативтік трендтер – ақпараттың визуализациялануына дәстүрлі әдістен әлеуметтік медиаға жылжуына мүмкіндік сыйлады. Басылымдардың, телеарналар мен радиоарналардың электронды алаңы мен сандық форматы – журналистиканың жаңа заманға сай ерекшеліктерін игере отырып құбылуына, уақыт пен кеңістіктегі өз арнасына түсуіне ықпал етті» (Құрманбаева, 2020: 23).

Техниканың дамуы жаңалықтардың әсерлілігін арттыруға, бейне сапасын жақсартуға, компьютерлік технологиялардың көмегімен көрермендерді оқиғаға барынша тартуға әсер етіп отыр. Бұл бағытта бірнеше үдерістің жетекші рөл атқарып отырғанын байқаймыз. Атап айтқанда:

- телевизиялық дизайнның жаңартылуы мен эстетикалық құрылымының заманауи талаптарға сай өзгеруі – графика мен анимациялық элементтердің кеңінен қолданылуы, бұл ақпаратты көрнекі әрі динамикалық түрде ұсынуға мүмкіндік береді;

- виртуалды студиялар мүмкіндіктерінің артуы, соның нәтижесінде түсірілім процестері цифрлық ортада жүзеге асырыла бастады;

- тікелей байланыс форматының белсенді қолданылуы, яғни оқиға орнынан тілшілердің жедел ақпарат таратуы тәжірибеге кеңінен еніп келеді.

Заманауи тележурналистикада мультимедиялық құралдардың ықпалы артып келеді. Ғалым Джоуша Бентон ТВ жаңалықтарда визуалды және графикалық компоненттердің рөлінің күйшегендігін айтады. Бұл үрдіс телеөнімдердің мультимедиялық өнімге айналуына әсер етіп отыр (Бентон, 2011).

Классикалық жаңалық форматының трансформациясы жүргізуші мен көрермен арасындағы қарым-қатынасты да өзгертті. Бағдарлама жүргізушілерінің жаңалықты үлкен видеоқабырға фонында жеткізуі – бұл үрдістің айқын дәлелі. Мұндай бейнеқабырғада маңызды оқиғалардың фотопостерлері, яғни визуалды символдары көрсетіледі. Бұл тәсіл көрерменге оқиғаны ақпарат ретінде ғана емес, эмоциялық және визуалды түрде қабылдауға мүмкіндік береді. Зерттеуші Marriott мұндай әдісті белгілі бір деңгейде «қатысу эффектісінің» жаңа формасы немесе вариациясы деп атайды. Яғни жүргізуші тек хабар таратушы емес, оқиға ортасында жүргендей әсер қалдырады (Marriott, 2012: 54).

Қазақстандық телекеңістікте бұл тәсілді 31 арнаның «Информбюро» бағдарламасы мен КТК арнасының жаңалықтар қызметі сәтті іске асырып отыр. Аталған жобалар визуалды тиімді пайдалану арқылы ақпараттың ықпалын арттырып, көрерменнің назарын ұзақ уақыт сақтап қалуға ұмтылады. Мәселен, 2025 жылдың 6 қаңтарында эфирге шыққан «Информбюро» жаңалықтарында жүргізуші негізгі жаңалықтарды интерактивті видеоқабырға арқылы жеткізсе (Информбюро, эфир: 06.01.2025), КТК арнасы 9 қаңтар күнгі жаңалықтарында фотосимволиканы акцент ретінде пайдаланып, көрерменмен эмоционалды байланыс орната алды (КТК жаңалықтары, эфир: 09.01.2025).

Бұл жағдай тележаңалықтар форматының визуализацияға негізделген жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетеді. Ақпаратты мәтін мен дауыс емес, визуалды образ арқылы ұсыну – қазіргі телевизиядағы маңызды трендтердің бірі. Мұндай әдістер тележурналистиканың тек ақпараттық емес, әсер ету, қызықтыру, тіпті көркемдік құралдарға да жүгінетін күрделі коммуникациялық платформаға айналғанын айғақтайды.

Сонымен қоса, тележурналистикада сурет (бильд) пен жазбаша мәтіннің рөлі артты. Жаңалықтарды фоторепортаж немесе стоп-кадр

фонинда беру үдерісі де қалыптасты. Синхрондардың орнына ньюсмейкерлердің жазбаша үзінділері, журналистер дыбыстаған телефон арқылы жазылған «хрипушка» – пікірлер белсенді түрде қолданылады. «Ал инфографика бейнематериалдың бір бөлігі ғана емес, жеке жанрға айналды», – дейді мамандар (Калижадарова, 2023а: 21).

Телевизиядағы тағы бір ерекше үдеріс – тілшілердің кадрдағы баяндауларының артуы. Тілші оқиғаға қатысты барлық ақпаратты кадрда жеткізеді. Мұндай материалдар терезе әдісі арқылы беріледі. Терезенің бір жағында тілші, ал екінші жағында оқиға орнынан кадрлар, синхрондар, цитаталар мен статистика көрсетіледі. Дәл осындай әдісті Информбюро қызметі жиі пайдаланады. Арна тілшілері О.Нұртайұлының «Баспана бағасы қалай өзгереді?» (Информбюро, эфир: 08.01.2025), тілші Н. Рақайдың «Жабылған жолдың әлегі» (Информбюро, эфир: 08.01.2025) тақырыбындағы материалдары дәл осы әдіспен ұсынылған.

Тілшілердің ұтымды пайдаланып жүрген тағы бір әдісі – студиялық стенд-аптарды қолдану. Бір кездері стенд-ап оқиға орнынан ғана жазылу керек деген талап болса, қазір авторлық материалдарға тән стенд-аптар студияда түсіріліп, фотопостерлер, графикалық элементтерді қолданады.

Күннің маңызды ақпаратына байланысты сарапшы пікірін диалог ретінде тікелей эфирге қосу да қарқын алып барады. Оны 24kz, Ұлттық арнаның жаңалықтар қызметі, Информбюроның шығармашылық ұжымы ұтымды қолданып отыр. Жаңалық жүргізушісі арнайы маманмен скайп немесе бейнеқоңырау арқылы байланысады. Диалог тікелей эфирде жүргізіледі. Бұл жерде де терезе әдісі (полиэкранның) қолданылады. Жүргізуші мен сарапшы ірі планда алынып, диалог өрбиді. 24kz арнасының жаңа жылдық шығарылымында «Мереке кезінде темір жол қозғалысы қалай болады?» деген сауалға жауап алу үшін Қазақстан темір жолы мекемесінің өкілі Н. Дүйсекеевпен байланысқа шығады (24kz, эфир: 31.12.2024, сағ.10.00 шығарылым).

Технологиялық жаңалықтар телеэфирдің визуалды бөлігін күрделендіруге де, жеңілдетуге де ықпал етеді. Техниканың кіші көлемде шығуы, құнының төмендеуі, көпфункционалды гаджеттердің пайда болуы шығармашылық ұжым жұмысын жеңілдетті. Ақпаратты беру оңтайланып, өнім өндіруге шағын топ жұмылдырылды. Журналист маңызды оқиғалардың куәсі

болған жағдайда оператордың көмегіне жүгінбей-ақ ньюсмейкер, куәгерлермен тілдесіп, бейнеөнімді өзі жинай беретін болды. Тележаңалық қызметінен тағы бір байқағанымыз, ақпаратты жедел, әрі бірінші болып жеткізу керек болған жағдайда бейнематериалдың эстетикалық және байланыс сапасына қарамай-ақ берілуінде. Бұл да бәсекелестіктің негізгі алғышарты. Өнімнің сапасы емес, аудиторияға ақпараттың жедел хабарлануы – Батыс елдеріне тән көрсеткіш.

Жедел ақпарат тарату кезінде тілшілердің кәсіби деңгейі Атыраудағы су тасқыны (мамыр, 2024) кезінде байқалды. Әсіресе, ұлттық арна мен 24 kz-тің тілшілері тікелей эфирде қарқынды жұмыс істеп, визуалдық элементтің әртүрін қолданды. Су басқан өңірлерден тілшілер тікелей эфирге бір мезетте қосылып, бірнеше терезелік көрініс (полиэкранның) арқылы төтенше жағдай салдары туралы ақпарат берді. Сонымен қатар 24 kz арнасының тілшісі А.Шымыр Атыраудағы жағдайға байланысты бірнеше күн бойы тікелей эфир арқылы өңірдегі ахуалды баяндап отырды. Студия мен тілші арасындағы байланыс кезінде де студия жүргізушілері мен монитордағы тілшіні жалпы планда көрсету, тілші стенд-ап түрлі ракурста беру, терезелік көрініс, төтенше жағдайлар ортасынан ерекше кадрларды көрсету секілді түрлі визуалды элементтерге басымдық беріп отырды (24kz, эфир: 06.05.2024, 07.05.2024, 09.05.2024).

Сондай-ақ жаңалықтар қызметінде оқиғаға қатысты сарапшы пікірін немесе қандай бір түсініктемелер алу үшін Skype, Whats App желілері арқылы сұхбат алып, смартфон арқылы стенд-аптарды жазу немесе тікелей эфирге шығу секілді үрдістерді байқаймыз.

Жаңалықтар редакциясы интерактивтілік, яғни көрермендермен бірлесе отырып, өнім дайындауды да қолға ала бастады. Аудитория арқылы тың тақырып табу, олардан келген әуесқой бейнелерді қолдану, желі арқылы тікелей байланыс орнату – күн тәртібіне енген.

Телевизия мен интернет ақпарат тарату, аудиторияның назарын өзіне аудару үшін бәсекелестікте болғанымен, бұл олардың дамуын ынталандырады және аудиторияға көбірек таңдау мүмкіндігін ұсынады. Бұл бәсекелестік соңғы жылдары Интернетке қолжетімділік артып, әлеуметтік желілер мен стримингтік платформалар кең таралған сайын айқындала түсті. «Осындай текетіреске қарамастан, телевизия мен интернет бірін-бірі толықтырып отыр», – дейді телемамандар (Boyd, Stewart, Alexander,

2008: 27). Арналардың басым бөлігі жаңалықтарын және бағдарламаларын Интернетке жүктеп, аудиторияны кеңейтіп жатыр. Тележаңалықтар-

дың сюжетін әлеуметтік желілерде бөлісу немесе арнайы стримингтік платформалар жасау – осының айғағы.

1-кесте – Телеарналардың жаңалықты беру әдісі

Бейнематериал тақырыбы	Қолданылған элементтер
«Оқу жылы ұзарды» (КТК. Кешкі жаңалықтар. КТК. Эфир: 15.08.2022)	Бильд + инфографика + бейнеқатар
«Қымбат тариф». Ақпарат. Қазақстан ұлттық арнасы. Эфир: 15.10.2022)	Бильд + полиэкран + бейнеқатар + синхрон
«Еркелеткеніне есеп береді» (Информбюро. 31-арна. Эфир: 14.10.2022)	Әуесқой түсірілім + скриншот + бильд
«Үзілген әуе жолы» (Информбюро. 31-арна. Эфир: 27.12.2024)	Әуесқой түсірілім+ полиэкран (1 терезе -тілші, 2 терезе – қаза болған мұнайшылардың суреті) + синхрон (әуесқой түсірілім) + хрипушка (субтитр) + полиэкран (1-терезе -тілші, 2-терезе – апат аймағынан бейнеқатарлар)
«Көлік апаты көбейген» (Информбюро. 31-арна. Эфир: 13.01.2025)	Бейнеқатар+графика+бейнеқатар+СНХ (мобильді түсірілім)+бейнеқатар+ СНХ (мобильді түсірілім) + бейнеқатар
«Мектеп оқушылары онлайн оқып жатыр» (Ақпарат. Эфир: 13.01.2025)	Жүргізуші студияда+Стенд-ап тілші+полиэкран (тілші+бейнеқатар) + жүргізуші студияда

Телеарналар эфирдегі жаңалықтар шығарылымын көбейтуде. Мұны мемлекеттік арналар ерекше қолға алып отыр: күндізгі бағдарламалық кестедегі жаңалықтар шығарылымдарының саны артып, ал кешкі ұсынылымдарының хронометражы 40-50 минутқа жетіп, күннің толыққанды бейнесін ұсынады. Арнаның күнделікті бағдарламалар кестесіндегі жаңалықтар саны артып отыр. Atameken Business арнасы күн сайын алты рет «Жаңалықтарын» (07.00, 8.00, 9.00, 11.00, 19.00, 24.00) эфирге шығарады. «Qazaqstan» ұлттық арнасының «Ақпарат» бағдарламасы бес рет көрермендерге күннің басты жаңалықтарын

(6.25, 10.00, 15.00, 17.00, 20.00) ұсынады. Ал КТК арнасының «Кешкі жаңалықтары», 31-арнаның «Информбюро» жаңалықтар қызметі күніне бір рет прайм-тайм (19.30 «Кешкі жаңалықтар», 20.00 «Информбюро») уақытта беріледі. Аналитика, көрнекілік, ақпаратты қызықты түрде жеткізу, экспрессивтілік – тележаңалықтың басты артықшылығы.

Жастардың басым бөлігі контентті Интернеттен көреді, ал аға буын теледидар көргенді жөн санайды. Осыған байланысты телевизия аудиториясын жоғалтпау үшін онлайн-платформаларға шығып, гибриді модельдер жасап жатыр.

2-кесте – Қазақстан арналары қолданатын гибриді модельдер

Модель түрі	Қазақстан арналарындағы қолданысы	Қолданатын арналар
TV + Streaming (OTT)	Көптеген арна өз контентін YouTube, Aitube, Qazaqstan.tv секілді онлайн платформаларға орналастырады	Qazaqstan TV, 31 арна, КТК, Astana TV, т.б.
TV + Social Media Broadcast	Тікелей эфирлер мен қысқартылған видеолар Instagram, Facebook, TikTok арқылы таратылады	Хабар 24 – Facebook-та тікелей эфир жүргізеді, TikTok-та да белсенді
TV + Mobile App Integration	Кейбір ірі телерадиокомпаниялардың мобильдік қосымшалары болғанымен, олардың функционалдық мүмкіндіктері толық іске асырылмаған	Qazaqstan TV қосымшасы бар, бірақ белсенді қолдану шектеулі

Модель түрі	Қазақстан арналарындағы қолданысы	Қолданатын арналар
TV + Second Screen (екінші экран)	Бұл модель ТВ-да әлі толық енгізілмеген. Кейбір жобаларда интерактив бар, бірақ толықтай second screen емес	Әзірге қолданылмайды немесе тестілеу деңгейінде
TV + On-Demand Archive	ТВ арналар веб-сайттарында немесе YouTube-арналарында эфирден кейінгі бағдарламаларды сақтайды	Qazaqstan, КТК, 31 арна архивтерін YouTube арқылы көруге болады
TV + User-Generated Content (UGC)	Әлеуметтік желілерден алынған контент жаңалықтарда қолданылады (жүйелі түрде емес)	Жаңалық сюжеттерінде әлеуметтік желі видеолары қолданылып жатады

Телевизияның жаңалықтар қызметі онлайн хабар тарату тәжірибесін белсенді түрде дамытып келеді. ТВ жаңалықтар қызметінің ақпараттық порталдарын құру арқылы бірдей жаңалықты екіжаққа да жариялау үрдісі қолданылып жүр. Ақпараттық порталда қысқа ақпарат, ешқандай түсініктемесіз фотосуреттер беру, қысқаша бейнематериал, аудиожазбалар ұсынылады. Бұған мысал ретінде Atameken business арнасының <https://inbusiness.kz/> және 31-арнаның <https://informburo.kz/> порталдарын алуға болады. Ақпараттық порталдары арнаның әлеуметтік желілерімен тікелей байланыста жұмыс істейді.

Жаңалықтар қызметінің ерекше мән беріп отырған тағы бір қызметі – YouTube Shorts платформасы. Бұл бейнелерді үлкен аудиторияға ұсынады, арнаның танымалдылығын арттыруға мүмкіндік береді. Алгоритм арқылы қызықты бейнелер жұртшылыққа кеңінен таралуы мүмкін. Shorts арқылы YouTube арнасындағы көлемді бейнелерге немесе негізгі арнаға сілтеме жасауға болады. Отандық арналардың басым бөлігі бұл платформаға Инстаграм желісіндегі өнімдерін салады (КТК, 31-арна, 24kz). Телеарналар өздерінің жаңалықтарын Интернет арқылы тікелей эфирде ұсынуы – көрермендерге жаңалықты кез келген уақытта, кез келген жерде көруге мүмкіндік беріп отыр.

Көрерменнің көңілін аудару және оны ақпараттық ағынға толық енгізу үшін жаңалықтардағы аңдатпалар (анонс) өте маңызды рөл атқарады. Бүгін де аңдатпаны беру тәсілдері де өзгерген. Жоғарыда атап өткеніміздей, жаңалықтар көбінесе бірнеше блоктан тұрғандықтан, оны әрқайсысына жеке аңдатпа беріледі. Оқиға орнынан анонстық стенд-ап жазу және оны терезе әдісі арқылы беру (1-ші терезеде – стенд-ап, 2-ші терезеде – бейнеқатар) – жаңалықтардың мазмұндық, бейнелік сапасын одан сайын арттыра түсуде. Сонымен қатар тілшілерді эфирдегі

танымалдылығын арттыру мақсатында стенд-ап кезінде тілшінің жеке инстаграм аккаунттарын беру үрдісі де – шығармашылық ұжымдағы ерекше әдіс.

Жаңалықтардың аудиториясын арттырып, оның әсерлілігін күшейту мақсатында телемамандар бұрыннан қалыптасқан журналистік тәсілдер мен пішіндерді де тиімді қолданады. Атап айтқанда, экспрессивті сөз қолданысы, эмоциялық реңкі бар сөйлем құрылымдары, сондай-ақ бейнематериалдарға қойылатын айшықты тақырыптар (титр түрінде ұсынылатын) көрерменнің назарын аударып, оның қызығушылығын оятуға бағытталады. Мұндай тәсілдер ақпараттың мұз-мұндық жағынан ғана емес, әсер ету тұрғысынан да қабылдауға ықпал етіп, телехабардың коммуникациялық әлеуетін арттырады.

Мысалы, «Аязға ұрынғандар», «Субсидия сұмдықтары» (Кешкі жаңалықтар, КТК, 11.12.2024), «Қатерлі ісік «жасарып» барады», «Байланыс аясынан тыс ауыл» (Информбюро, 31 арна, 12.12.2024), «Қош, қазақ әдебиетінің «Шыңы»!» (24kz, 11.01.2025) сынды тақырыптар көрерменнің эмоционалдық реакциясын ояту үшін сәтті қолданылған.

Сонымен қатар студияда түсірілімнің кран, рельс, бірнеше камераның қозғалысы сияқты әдістер, арнайы репортаждар, жүргізуші мен тілшінің тікелей эфир арқылы байланысы, сондай-ақ жүргізуші мен сарапшы арасындағы диалог – көрерменге жан-жақты ақпарат жеткізіп, визуалды әсер қалдыру мақсатында ойластырылған. Мұндай тәсілдер жаңалықтардың мазмұнын әсерлі етіп, көрерменді бағдарламаның соңына дейін қызықтыруға бағытталған.

Қорытынды

Жаһандану дәуіріндегі өзгерістер қазақтандық телеөндіріске ықпал етіп, ғаламдық те-

леудерістерге назар аударуға итермеледі. Ғалым Ү.Есенбекованың пікірінше, жаңа медианың қарқынды дамуының арқасында телевизиялық өндіріс пен оның ақпараттық тұрғыда қамтылуы жағы басқа сапалық өлшеммен қызмет ете бастады (Есенбекова, 2019:187). Бұл көрсеткішке технологиялық инновациялар қосылып телекөрсетістіктің басқаша келбетте дамуына ықпал етті. Жоғарыда келтірілген мысалдар айқындағандай, тележаңалықтар қызметінде дата журналистика, визуалды ақпараттар қатары артқан. Сол себепті мамандар тележаңалық мультимедиялық өнімге айналды деп отыр. Ал оның мультимедиялық болуына Интернет пішіндердің әсері болғанын атап өткен жөн. Десек те, бейне ақпараттың негізгі көзі – телевизия. Зерттеуші Ж. Әбдіжәділқызының сөзімен айтсақ, ақпарат кеңістігіндегі жаңаша даму бағыттарының қай саласы болмасын тележурналистиканың бейнелі ақпаратын айналып өте алмайды, өйткені барлық БАҚ жүйесін аядай алақанына сыйғызып алған интербелсенділігімен ерекшеленетін Интернет журналистикадағы бейнелі ақпараттың өзі – тележурналистикадан алынған түпнұсқа туынды (Әбдіжәділқызы, 2017: 186). Осы бейнеақпаратты көрерменге ұтымды, ұғынықты, әсерлі жеткізу үшін және басқа бейнеплатформалармен бәсекелестікте артта қалмау үшін Интернет пішіндерді пайдалану орынды.

Телевизиялық өнім үзінділерінің Интернет арқылы таралып, көрермендер назарына ілінуі, қандай да бір туынды үзіндісі желіде таралып, танымал болып жатса, оны телеконтентте пайдалану үрдісі кеңінен қолданылуда. «Осылайша «қысқа үзінділердің» (фрагмент) өзі жанрға айналды», – дейді телемамандар (Gormly, 2005: 71).

Зерттеушілер жаңа бейнеөнім форматтарына коуб (бейнесюжеттің фрагменті), 360° (3D-технологиялар қолданылған бейнеролик), онлайн-трансляциялар мен стримингті (әлеуметтік желілерде немесе арнайы стриминг сервисінде тікелей қосылу) және стористерді (әлеуметтік желілердегі бір күн ішінде жоғалып кететін бейнелер, фотосуреттер) жатқызады (Онуприенко, 2021: 99). Ал медиамаман А. Беликова тележурналистика форматтары мен жанрларының трансформациясы клиптік монтаждың пайда болуына әкелгенін айтады. «Бұл әлеуметтік желілердегі посттардың форматына тән және «қысқа уақытта бейнеконтентті барынша көрсету үшін бейнеэффектілерді қолдануға мүмкіндік береді» (Беликова, 2019: 10).

Интернетке кеңінен қолданылатын диапорам (музыкамен, кадрдан тыс мәтінмен және сұхбатпен сүйемелденген ішкі динамикалық слайдшоу) формасын пайдалану да трендте. Мұны да ақпараттар қызметі көп қолданады. Телеэкранды бірнеше бөлікке бөліп, жүргізушілерді экрандық терезе арқылы шығару және титрмен берілетін ақпараттық мәтіннің көбеюі – Интернет кеңістіктен келген пішін. Сарапшылардың пікірінше, телеэкрандағы дизайн, бағдарламалау және жанрлық құрылымды Интернетке жақындатуда салалық арналар (музыкалық, ақпараттық, іскерлік, т.б) басымдық танытып отыр (Калиаждарова, 2023: 69).

КТК телеарнасының экс-жетекшісі Д. Меркеев жаңалықтар қызметінде ендігі кезекте смартфондар мен мессенджерлерді ұтымды қолдану қажеттігін айтады. Телеменеджердің пайымдауынша, азаматтық журналистиканың (Интернет, гаджеттер мен әлеуметтік желілер) әлеуетін толық пайдалануымыз керек. Бұл тұста біздер кәсіби телехабар таратудың барлық ережелерін сақтап, қоғам алдындағы жауапкершілігімізді де ұмытпауымыз қажет (Меркеев, 2017). Сонымен қоса, маман жаңалықтар қызметі тілшілерін технологиялық әдістерді тәжірибеде көп қолдана беруге үндейді. Қазіргі жаңалықтар редакциясында біз мысалға алған үрдістердің басым бөлігі техник, дизайнер мамандар көмегімен іске асып жатқан әдістер. Бұл тұста тілшілерге де ізденіс керек.

Телеарналардың жаңалықтар қызметі әлеуметтік желі материалдарын пайдаланғанымен, тікелей эфир барысында оларды әлі қоса қойған жоқ. Тәулік бойы хабар тарататын арналар тікелей эфирден ақпарат берген тұста, ол фейсбук немесе твиттер желісінде сол мезетте талқыға түсіп жатады. Алайда бірнеше экран (second screen) мен телерепортаж элементтерін біріктіре көрсету тәжірибесі әлі экранға енбеді. Оған бірнеше себепті атауға болады.

Бірнеше экранды көрсету мен интерактивті телерепортажды жүзеге асыру үшін жоғары сапалы технологиялар қажет. Мұндай мүмкіндік барлық арнада жоқ. Болған күннің өзінде ақпаратты бір уақытта визуалды және аудио түрде тиімді жеткізу үшін редакторлар мен журналистердің күші керек. Жаңа форматтарды енгізу арналарға қосымша шығындар мен ресурстарды талап етеді. Оған телеарналар қызығушылық білдіріп отырған жоқ. Отандық тележурналистикада дәстүрлі хабар тарату тәсілдері әлі де басым. Сол себепті арналар бұл форматтарды ен-

гізуге асықпай, оларды мұқият саралап отырған сыңайлы.

Тележаңалықтарда әлеуметтік желідегі бейнелерді қолдану жиілеген. Оған да бір шектеу қойылған дұрыс. Мұндай төтенше жағдайлар, оқыс оқиғалар кезінде мұндай бейнеүзінділер берген орынды. Алайда соңғы уақытта трэш фрагменттер көбейіп кетті. Бұл жаңалық құндылығы, яғни оқиғаның жариялауға тұрарлық деңгейін таразылауға арналған сұрыптаудың азайып отырғандығын көрсетеді (Бейнбриж, Гок, Тайнан, 2019: 354).

Тілшілерге енді шығармашылық қана емес, технологиялық тұрғыда іздену талабы күшейіп отыр. Оны телесарапшылар да қолдайды (Moran, 2006: 121). Осыдан біраз уақыт бұрын жаңалықтар редакциясы ақпаратты қай ракурстан берсек, көрермен назарын аулаймыз деген сұрақ туындаса, енді бұл мәселеге техникалық талап қосылды. Телевизияда кеңінен қолданылып жатқан жаңа әдістер мен стильдер саланың одан әрі дамуына, оны жетілдіруге ықпал етеді. Дегенмен де телеарна басқа бейнеплатформалармен бәсекелестікке түстік деп, өзінің кәсіби деңгейін түсіріп алмауы керек (Thompson, Malone, 2003:

66). Мамандардың пайымдауынша, телевизия – сапалы өнім өндіретін орта, ал Интернет – өнім тарату алаңы. Саналы көрермен ең алдымен кәсіби, сапасы жоғары өнімді іздейді. Мұндай контентті ТВ эфирінен табады (Шепин, 2013).

Қазір тележаңалықтар қызметінің дамуында екі негізгі үрдіс қатар байқалады: біріншісі, контент өндірісінің техникалық және визуалды құралдармен күшейтілуі; екіншісі, кәсіби және сапалық талаптарды сақтау арқылы аудитория сенімін жоғалтпауға деген ұмтылыс. Осы арақатынас тележурналистиканың болашақ векторын айқындайды. Сондықтан да қазіргі телевизия тек ақпарат тарату құралы емес, сонымен бірге технологиялық тұрғыдан жаңарған, кәсіби талаптарға сай келетін сапалы медиаөнім ұсынушы ретінде қалыптасуы тиіс. Бұл бағытта салалық телеарналар мен жаңалықтар қызметінің тәжірибесі тележурналистиканың эволюциясын көрсетеді және оның медиажүйедегі орнын сақтап қалуына мүмкіндік береді. Ал технология – қазіргі телевизияның негізгі қозғаушы күші. Экрандық туындының технологияға тәуелділігін ескерсек, оның маңызы мен әсері күн сайын арта берері сөзсіз.

Әдебиеттер

- Абдраев, М. (2021) Тележурналистиканың интеллектуалды құрылымы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті.
- Athique, A. (2013) *Digital Media and Society: An Introduction*. Cambridge. – UK: Polity Press.
- Boyd, A., Stewart, P. Alexander, R. (2008). *Broadcast Journalism: Techniques of Radio and Television News*. Focal Press. ISBN:9781136025860, 1136025863
- Әбдіжәділқызы, Ж. (2017) Тележурналистика: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті.
- Байдина, В. С. (2012). Методологическая функция категории «Социальное время» в теории журналистики. *Вестник Томского государственного университета. Филология*, (4 (20)), 129-135.
- Беликова, А.И. (2019). Трансформация аналитических жанров современного отечественного телевидения. *Медиасреда*, (2), 10-15. doi: 10.24411/2070-0717-2019-10202
- Даутова, Р.В., Анохин, А.И. (2018) *Жанры и моделей новостной тележурналистики: учебно-методическое пособие для магистрантов*. – Казань: Казань университет.
- Есенбекова, Ү. (2018) Телевизиядағы журналистік шеберлік: журналистика мамандықтарына арналған оқулық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ.
- Есенбекова, Ү. (2019) Цифрлық дәуірде адам және қоғамның трансформациясы (медиапсихологиялық аспект). *Монография*. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ.
- Gormly, E. (2005) *Writing and Producing Television News*. Wiley-Blackwell; 2nd edition.
- Бейнбриж, Ж., Гок Н., Тайнан, Л. (2019) *Медиа және журналистика: теория мен практикаға жаңа көзқарас*. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. ISBN-13: 978-0195588019
- Калиждарова, Ш. (2023) Жаңалықтар қызметіндегі заманауи трендтер: техникалық және технологиялық прогресс өсері. *Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар Халықаралық журналы*. Т.4. №1. <https://doi.org/10.54309/IJICT.2023.13.1.002>
- Калиждарова, Ш. (2022) *Тележаңалық: тәжірибе*. Оқу құралы. – Алматы: ХАТУ.
- Калиждарова, Ш. (2023) Қазақстан телеарналарының даму тенденциялары және инновациялық үлгісінің қалыптасуы. *Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация*.
- Lindgren, S. (2017) *Digital Media and Society*. London: Sage. Mosco V. (2017). *Becoming Digital: Toward a Post-Internet Society*. London, UK: Emerald Publishing. ISBN 978-1-4739-2500-7
- Moran, A. (2006) *Understanding the Global TV Format*. – Bristol, Intellect.

- Онуприенко, К. (2021) Трансформация традиционных телевизионных жанров на новых технологических платформах // Актуальные вопросы современной филологии и журналистики. Вып. 3 (42). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/transformatsiya-traditsionnyh-televizionnyh-zhanrov-na-novyh-tehnologicheskikh-platformah> (дата обращения: 15.05.2025).
- Marriott, S. (2012) *Live Television: Time, Space and the Broadcast Event*. SAGE Publications Ltd.
- Thompson, R., Malone, C. (2003) *The Broadcast Journalism Handbook: A Television News Survival Guide*. Rowman & Littlefield Publishers.

Электронды ресурстар

- Более 40% казахстанцев ежедневно смотрят телевизор – новое исследование. (2024) <https://24.kz/ru/news/social/item/681778-bolee-40-kazakhstansev-ezhednevno-smotryat-televizor-novoe-issledovanie>.
- Бентон Дж. Восемь трендов журналистики в 2011 году. (2011) <https://ms.detector.media/>.
- Меркеев Д. (2017) Шок и трепет в эфире не отменяются, добавится конструктив <https://vlast.kz/obsshestvo/24918-dauren-merkeev-zamdirektora-ktk-sok-i-trepet-v-efire-ne-otmenautsa-dobavitsa-konstruktiv.html>.
- Мишин И. (2003) Информация к развлечению. XXI век: новый информационный порядок Круглый стол // Искусство кино. – № 377 URL: <http://kinoart.ru/archive/2003/11/>.
- Исабаева С. (2024) Почему телеканалы в Казахстане не выдерживают конкуренции с соцсетями? <https://spik.kz/1936-rochemu-telekanaly-v-kazahstane-ne-vyderzhivajut-konkurencii-s-socsetjami.html>.
- Мұхтаров Б. (2021) Телеарналардың медиэтика бойынша біліксіздігі неден байқалады? <https://newreporter.org/kz/2021/08/10/telearnalardyn-mediaetika-bojynsha-biliksizdigi-neden-bajqalady/>
- Құрманбаева А. (2020) Жаһандық визуализация санатындағы журналистік шеберліктің мүмкіндіктері мен әдістері. «Үлттық журналистика: зерттеу және білім беру мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясы жинағы.
- Schram S. (2010) Remediation: Will New Media Eat Older Media Alive? // *Masters of Media*. URL: <http://mastersofmedia.hum.uva.nl/2010/09/04/remediationwill-new-media-eat-older-media-alive/>.
- Шепин П: ТВ не уйдет в интернет, оно уже там. (2013) <https://www.sostav.ru/publication/petr-shepin-tv-ne-ujdet-v-internet-ono-uzhe-tam-2789.html>.
- КТК жаңалықтары. <https://www.youtube.com/@newsKTK>.
- Информбюро 31. <https://www.youtube.com/@informburo31kanal>.
- Телеканал 24kz. <https://www.youtube.com/@tv24kz>.

References

- Abdraev, M.K. (2021) *Telezhurnalistikanin intellektualdi [Intellectuality of telejournalism]*. –Almaty: «Qazaq universiteti»
- Athique A. (2013). *Digital Media and Society: An Introduction*. Cambridge. – UK: Polity Press.
- Boyd, A., Stewart, P. Alexander, R. (2008). *Broadcast Journalism: Techniques of Radio and Television News*. Focal Press. ISBN:9781136025860, 1136025863
- Abdizhadilqyzy, Zh. (2017) *Telezhurnalistika: oku kuraly [Television journalism: the tools]*. – Almaty: Qazaq universiteti.
- Baidina, V.S. (2012) Metodologicheskaya funktsiya kategorii «sotsial’noe vremya» v teorii zhurnalistiki [Methodological Functions of the Category «Social Time» in Theory of Historical Studies] // *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Filologiya*. № 4 (20).
- Belikova, A.I. (2019). Transformatsiya analiticheskikh zhanrov sovremennogo otechestvennogo teledideniya [Transformation of analytical genres of modern domestic television] // *Mediasreda*. Vyp. 2.
- Dautova, R.V., Anokhin, A.I. (2018) *Zhanry i modelei novostnoi telezhurnalistiki: uchebno-metodicheskoe posobie dlya magistrantov [News and TV journalism models: educational and methodological aid for masters]*. – Kazah: Kazan universitet.
- Esenbekova, U. (2018) *Televiziyadagy zhurnalistik sheberlik: zhurnalistika mamandyktaryna arналған okulyk [Television journalists: journalists of mothers with disabilities]*. – Astana: L.N. Gumilev atyndagy EÜU.
- Esenbekova, U. (2019) *Tsifirlyq daurde adam zhane qogamnyn transformatsiyasy (mediapsikhologiyalyq aspekt) [Transformation of man and society in the digital age (media psychological aspect)]*. Monografiya. – Nür-Sұлтан: L.N. Gumilev atyndagy EÜU
- Gormly, E. (2005) *Writing and Producing Television News*. Wiley-Blackwell; 2nd edition.
- Bainbridge, J., Goc N., Tynan L. (2019) *Media zhane zhurnalistika: teoriya men praktikağa zhana kozgarys [Media Journalism: Theory and Practice from the Point of View]*. – Almaty: «Ulttyq audarma byurosy» qogamdyq qory.
- Kaliazhdarova Sh. (2023) *Zhanalyqtar qyzmetindegi zamanaui trendter: tekhnichalyq zhane tekhnologiyalyq progress aseri [Modern trends in the field of technology: a work of technological progress]*. Aqparattyq zhane kommunikatsiyalyq tekhnologiyalar Khalyqaralyq zhurnaly. T.4. №1. <https://doi.org/10.54309/IJICT.2023.13.1.002>
- Kaliazhdarova Sh. (2022) *Telezhanalyq: tәzhiribe. Oku quraly [Television news: practice. Textbook]*. – Almaty: KHATU.
- Kaliazhdarova Sh. (2023) *Qazaqstan telearnalarynyn damu tendentsiyalary zhane innovatsiyalyq ulgisinin qalyptasuy [Development trends and the formation of an innovative model of Kazakhstani television channels]*. Filosofiya doktory (PhD) dәrezhesin alu ushin daiyndalghan dissertatsiya.
- Lindgren S. (2017) *Digital Media and Society*. London: Sage. Mosco V. (2017). *Becoming Digital: Toward a Post-Internet Society*. London, UK: Emerald Publishing. ISBN 978-1-4739-2500-7
- Moran A. (2006) *Understanding the Global TV Format*. – Bristol, Intellect.

Onuprienko K. (2021). Transformatsiya traditsionnykh televizionnykh zhanrov na novykh tekhnologicheskikh platformakh [Transformation of traditional television genres on new technological platforms] // Aktual'nye voprosy sovremennoy filologii i zhurnalistiki. Vyp. 3 (42).

Marriott S. (2012) Live Television: Time, Space and the Broadcast Event. SAGE Publications Ltd.

Thompson R., Malone C. (2003) The Broadcast Journalism Handbook: A Television News Survival Guide. Rowman & Littlefield Publishers.

Elektrondy resursttar

Bolee 40% kazakhstantsev ezhdnevno smotryat televizor – novoe issledovanie [More than 40% of Kazakhstanis Watch Television Daily – New Research]. (2024) <https://24.kz/ru/news/social/item/681778-bolee-40-kazakhstantsev-ezhdnevno-smotryat-televizor-novoe-issledovanie>.

Benton Dzh. (2011). Vosem' trendov zhurnalistiki v 2011 godu. <https://ms.detector.media/>

Merkeev D. (2017) Shok i trepet v efire ne otmenyayutsya, dobavitsya konstruktiv [Shock and Awe on Air Are Not Canceled, There Will Be Constructive Added] <https://vlast.kz/obsshestvo/24918-dauren-merkeev-zamdirektora-ktk-sok-i-trepet-v-efire-ne-otmenautsa-dobavitsa-konstruktiv.html>.

Mishin I. (2003) Informatsiya k razvlecheniyu. XXI vek: novyy informatsionnyy poryadok [Information for Entertainment. XXI Century: New Information Order Roundtable] Kruglyy stol // Iskustvo kino. – № 377 URL: <http://kinoart.ru/archive/2003/11/>.

Isabaeva S. (2024) Pochemu telekanaly v Kazakhstane ne vyderzhivayut konkurentsii s sotssetyami? [Why Do TV Channels in Kazakhstan Struggle to Compete with Social Networks?] <https://spik.kz/1936-pochemu-telekanaly-v-kazahstane-ne-vyderzhivajut-konkurencii-s-socsetjami.html>.

Mukhatarov B. (2021) Telearnalardyn mediaetika boyynsha biliksizdigi neden baykalady? [How the Lack of Media Ethics in TV Channels is Revealed]. <https://newreporter.org/kz/2021/08/10/telearnalardyn-mediaetika-bojynsha-biliksizdigi-neden-bajqalady/>

Qurmanbaeva A. (2020) Zhahandyq vizualizatsiya sanatyndagy zhurnalistik shberliktin mymkindikteri men adisteri [Opportunities and Methods of Journalistic Mastery in the Category of Global Visualization]. «Ulttyq zhurnalistika: zertteu zhane bilim beru maseleleri» atty khalyqaralyq gylymi-tazhiribeli onlayn-konferentsiyasy zhynagy.

Schram S. (2010) Remediation: Will New Media Eat Older Media Alive? // Masters of Media. URL: <http://mastersofmedia.hum.uva.nl/2010/09/04/remediationwill-new-media-eat-older-media-alive/>.

Shepin P: TV ne uydet v internet, ono uzhe tam [TV Will Not Leave the Internet, It's Already There] (2013) <https://www.sostav.ru/publication/petr-shepin-tv-ne-ujdet-v-internet-ono-uzhe-tam-2789.html>.

KTK zhanalyktary. <https://www.youtube.com/@newsKTK>.

Informbyuro 31. <https://www.youtube.com/@informburo31kanal>.

Telekanal 24kz. <https://www.youtube.com/@tv24kz>.

Авторлар туралы мәлімет:

Калижадарова Шынар Идрышевна (корреспондент-автор) – PhD, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің қауымдастырылған профессоры (Алматы қ. Қазақстан, эл.пошта: s.kaliazhdarova@mail.ru);

Ашенова Сауле Викторовна – саяси ғылымдар кандидаты, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің қауымдастырылған профессоры (Алматы қ. Қазақстан, эл.пошта: saule_ashenova@mail.ru);

Сейтжанова Жанат Докторбекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің ассистент-профессоры (Қазақстан, Алматы қ. e-mail: seitzhanova.zhanat1@gmail.com);

Мукушева Құралай Сериковна – PhD, Торайғыров Университеті, «Филология және журналистика» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (Павлодар қ. Қазақстан, эл.пошта: Kuralay-1976@mail.ru).

Information about authors:

Kaliazhdarova Shynar Ydyrshkyzy (corresponding author) – PhD, Associate Professor at the International University of Information Technology (Almaty, Kazakhstan, e-mail: s.kaliazhdarova@mail.ru);

Ashenova Saule Viktorovna – Candidate of Political Sciences, Associate Professor at the International University of Information Technology (Almaty, Kazakhstan, e-mail: saule_ashenova@mail.ru);

Seitzhanova Zhanat Doktorbekqyzy – Candidate of Philological Sciences, Assistant Professor at the International University of Information Technology (Kazakhstan, Almaty, e-mail: seitzhanova.zhanat1@gmail.com);

Mukusheva Kuralay Serikovna – PhD, Associate Professor at the Department of Philology and Journalism, Toraygyrov University (Pavlodar, Kazakhstan, e-mail: Kuralay-1976@mail.ru).

Келін түсті: 18 қаңтар 2025 жыл

Қабылданды: 31 наурыз 2025 жыл

3. Советова



Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: zaure.sovetova@mail.ru

БАҚ-ТАҒЫ ӘДЕБИ-ЖАНРЛАРДЫҢ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТЕГІ КӨРІНІСІ: ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Әдебиеттегі жасанды интеллект (ЖИ) тақырыбы қазіргі заманғы ғылым мен өнердің маңызды мәселелерінің біріне айналып отыр. Жасанды интеллект түрлі салада қолданылып, әдебиетте де өзіндік рөл атқарып келеді. Мақалада БАҚ-тағы әдеби жанрлардың жасанды интеллекттегі көрінісі талданып, оны қолдану әдістері мен шығармашылық-технологиялық болашағы туралы тұжырымдар жасалады.

Жасанды интеллект – бұл адамның интеллектуалды қабілеттерін модельдеу арқылы машиналарға ойлау, оқу, жазу сияқты қасиеттерді беру процесі. Қазақ әдебиетінде жасанды интеллектіге қатысты зерттеулер, көбінесе ғылыми фантастика жанрында кездеседі. Әлемдік әдебиеттанушылар ЖИ мен адам арасындағы қарым-қатынас, оның этикалық және философиялық аспектілерін қарастыруда маңызды жұмыс атқаруда.

Мақалада әдебиеттегі жасанды интеллект туралы жарияланған БАҚ материалдары мен отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері салыстырмалы талдауларға қатысты кең қолданыс табады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеті – БАҚ-тағы жасанды интеллектінің түрлі әдебиеттердің стильдерін үйрену мен жаңадан шығармалар жазу үшін қолданыс табу ерекшеліктерін жан-жақты қарастыру. Мысалы, ChatGPT сияқты тіл үлгілері жазушының орнына шығармалар жаза алады. Сонымен қатар кейбір авторлардың стилінде мәтіндер құрастырады. Бұл қазіргі әдебиетте үлкен жаңалық болып саналады.

Зерттеудің әдіснамасы ғылыми-талдаулар, салыстырмалы көзқарас, теориялық-эмпирикалық және тарихи-тәжірибелік, инновациялық-интерпретациялау тәсілдеріне негізделеді.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде әдебиеттің ЖИ көмегімен жылдамдық пен тиімділікті арттырудағы ерекше рөлі көрсетіледі. Бұл әсіресе редакциялау немесе шығармашылық процесті оңтайландыру үшін тиімді болмақ. Бірақ ЖИ әлі де адамның терең сезімдері мен өмірлік тәжірибесін толықтай алмастыра алмайды. Шығармашылық шектеледі.

Зерттеудің құндылығы БАҚ жарияланымдарының жасанды интеллектінің әдебиеттегі рөлін айшықтаудағы жаңа жанрлар мен тәсілдерді қалыптастыру бағыттары арқылы айқындалады. Мақаланың ғылыми және практикалық маңыздылығы авторлар мен оқырмандардың қарым-қатынасын өзгертіп, оның руханият пен өнер саласындағы тәжірибелік қырларын жетілдіруге үлкен септігін тигізеді.

Түйін сөздер: БАҚ, ChatGPT, әдебиет, жасанды интеллект, чат-бот, OpenAI, нейрожелі.

Z. Sovetova

Almaty University of Power Engineering and Telecommunications
named after Gumarbek Daukeyev, Almaty, Kazakhstan
e-mail: zaure.sovetova@mail.ru

Media coverage of the AI use in literature: new creative and technical possibilities

The topic of artificial intelligence (AI) in literature is becoming one of the key issues of the modern creative industry. Artificial intelligence is used in various fields of activity, including literature. The article analyzes the coverage of the topic in the media, draws conclusions about the methods of AI use, creative and technological prospects.

Artificial intelligence is primarily associated with the modeling and integration into computer systems of such human intellectual abilities as thinking, reading and writing. In Kazakh literature, studies on artificial intelligence are more often found in the genre of science fiction. World literary scholars study the relationship between AI and humans, ethical and philosophical aspects.

The article presents media materials on artificial intelligence in literature and provides a comparative analysis of studies by domestic and foreign scientists. The goal of the study is to determine various approaches to covering this issue in the media and to identify the features of using artificial intelligence in creating new works. For example, language models such as ChatGPT can replace a writer and also create a text in the style of a specific author. This is a major milestone in the history of modern literature.

The research methodology is based on analytical, interpretive methods, and also includes comparative and empirical analysis.

The study presents the special role of AI in increasing the speed and efficiency of literary creativity. AI can be especially fruitfully used in editing and in optimizing the creative process. The work also argues that AI cannot yet completely replace human feelings and life experiences.

The value of the study lies in determining the role of artificial intelligence in literature and media publications in the formation of new genres. The scientific and practical significance of the article lies in understanding the new relationships between writers and readers, in the spiritual and creative realization of authors.

Key words: media, ChatGPT, literature, artificial intelligence, chatbot, OpenAI, neural network.

3. Советова

Алматинский университет энергетики и связи
имени Гумарбека Даукеева, Алматы, Казахстан
e-mail: zaure.sovetova@mail.ru

Искусственный интеллект в литературных текстах СМИ: новые творческие и технологические возможности

Тема искусственного интеллекта (ИИ) в литературе становится одним из ключевых вопросов современного творчества. Искусственный интеллект применяется в различных сферах деятельности, в том числе и в литературе. В статье проанализировано освещение темы литературных жанров искусственного интеллекта в СМИ, сделаны выводы о методах его использования и творческо-технологических перспективах.

Искусственный интеллект связан, в первую очередь, с моделированием и встраиванием в компьютерные системы таких интеллектуальных способностей человека, как мышление, чтение и письмо. В казахской литературе исследования об искусственном интеллекте чаще встречаются в жанре научной фантастики. Мировые литературоведы изучают отношения между ИИ и человеком, этические и философские аспекты.

В статье представлены материалы СМИ об искусственном интеллекте в литературе и приведен сравнительный анализ исследований отечественных и зарубежных ученых.

Цель исследования – определение различных подходов к освещению данного вопроса в СМИ и выявление особенностей использования искусственного интеллекта в создании новых произведений. Например, такие языковые модели, как ChatGPT, могут заменить писателя, а также создать текст в стиле конкретного автора. Это серьезная веха в истории современной литературы.

Методология исследования базируется на аналитическом, интерпретационном методах, а также включает в себя сравнительный и эмпирический анализ.

В результате исследования представлена особая роль ИИ в повышении скорости и эффективности литературного творчества. Особо плодотворно ИИ может быть использован в редактировании и при оптимизации творческого процесса. В работе утверждается, что ИИ еще не может полностью заменить человеческие чувства и жизненный опыт.

Ценность исследования состоит в определении роли искусственного интеллекта в литературе и медийных публикациях в ходе формирования новых жанров. Научная и практическая значимость статьи заключается в осмыслении новых отношений между писателями и читателями, в духовной и творческой реализации авторов.

Ключевые слова: СМИ, ChatGPT, литература, искусственный интеллект, чат-бот, OpenAI, нейросеть.

Kіріспе

Қазіргі таңда көшбасшы елдер жаңа технологиялар саласында төңкеріс жасап, тек фантастикалық фильмдерде ғана көрініс табатын дүниелерді қолданысқа енгізе бастады. Бүкіл

әлемді таңқалдырған ChatGPT 2022 жылдың 30 қарашасында іске қосылды. Бұл жасанды интеллект өнімін америкалық ғалымдардан құралған OpenAI компаниясы ойлап тапты. Оны қолданушылар саны бес күн ішінде 1 миллионға жеткен соң, IT саласының мамандары да ЖИ-ді дамы-

туды қолға ала бастайды. Ең бастысы, олар ЖИ құралдарын қазақ тілінде сөйлетуге күш салды. ЖИ-дің пайда болуы интернет пен мобильді телефон сияқты ерекше технологиялық құбылыс ретінде адамзат баласына ерекше әсер етті (Смағұл, 2024).

ChatGPT бұған дейін арнайы мамандар ғана игеріп келсе, қазір қарапайым адамдар үшін де таңсық болмай қалды. Бұған дейін тек Google іздеу жүйесінде отырған адамдар ЖИ-ді күнделікті өмірде қолдана алады. Қазір ChatGPT-ді қолданатындар саны небәрі екі ай ішінде 100 миллионға жеткен. Amazon электронды кітап дүкенінде ChatGPT жазған 200-ге жуық кітап сатылып үлгерді. Онда ЖИ көмегімен қалай кітап жазуға болатыны жөнінде де ақпараттар ұсынылған.

IT саласының маманы Тимур Бектұр ChatGPT жасанды интеллект технологиясы арқылы табиғи тілді өңдей алатындығын жеткізе келіп: «Бұл чат-ботпен адам сияқты сөйлесіп, сұхбат жүргізе аласыз. Мәтін жазу туралы көмек те сұрай аласыз. Осы тіл моделі кез келген сұраққа жауап береді. Электрондық поштаға хат жазу, эссе, сценарий жазу сияқты тапсырмаларды да орындап береді. Қазір ғалымдар ChatGPT зерттеу және кері байланыс орнату жүйесін тәжірибеге енгізу жолдарын қарастырып жатыр» (Смағұл, 2024), – дейді.

Журналист Қ. Смағұлдың деректеріне сүйенсек, ChatGPT 2015 жылы атақты Илон Маск, Сэм Олтмэн тағы да басқа инвесторлардың 1 млрд.\$ қаржылық көмегімен ашылды. Оның ChatGPT Plus деп аталатын ақылы нұсқасы да бар. ChatGPT OpenAI жасанды интеллектіні зерттеу компаниясының суперкомпьютерлерін қолданған. Чат-боттар интернеттегі мәтін қорының көмегімен оқытылып, адаммен кері байланыс жасауға үйретілген. Нейрожелідегі жауаптарды өздерінің тәжірибесімен қайта-қайта шыңдап отырған. ЖИ-дің неғұрлым адамдар үшін ыңғайлы жолдарын табуға тырысқан. Алғашқы OpenAI компаниясы өз тәжірибесін шағын зертханадан бастаған. Оның негізін қалаушылар әлемдік деңгейдегі ғалымдар мен зерттеуші-инженерлер болған. Қазір компанияда 375 ғалым-зерттеуші қызмет істейді (Смағұл, 2024).

ChatGPT-ді қолдану үшін chat.openai.com сайтына кіріп, электронды пошта арқылы тіркелу қажет. Жүйеге кірген соң сұрақтарыңызды қойып тегін жауаптар алып, шексіз сұхбат құра бересіз. ChatGPT-мен қазір технологиялық жағынан бәсекеге түсе алатын Google, Alphabet,

Amazon, Meta Platforms сияқты алпауыт компаниялар бар. Мамандардың пікірінше, ChatGPT интернеттен ақпарат іздей алмайды. Ол өзінің жадында (750 gb) оқытылған деректен ғана ақпаратты пайдалана алады. Соған қарамастан оның мүмкіндігі жоғары болып отыр (Имамбай, 2023).

Қазіргі таңда OpenAI компаниясының өнімдері бейнені мәтінге, мәтінді бейнеге немесе визуалды кескіндер шығарып жатыр. Тіпті мәтіннің форматын өзгертіп, мақаланы әлеуметтік желінің жанрына да айналдыра алады. Әсіресе жазушылар мен журналистердің жұмысына жеңілдіктер енгізіп, грамматикалық қателерді тексеру, фактчек, бейнемонтаж жасау, дыбысты қалпына келтіру сияқты мүмкіндіктерге қол жеткізе алады.

Бұл жөнінде журналист Д. Имамбай: «Қазіргі жасанды интеллект өз қорында сақталған мәтіндерді қолданып, бірнеше тілде мәтіндер құрастыра алады. Соның ішінде ағылшын, испан, француз, қытай, орыс, қазақ т.б. барлығы 95 тілді қамтиды. Кез келген мәтін үшін чат-боттан қажетті тілді таңдайсыз. Жас зерттеуші Данияр Мұқановтың айтуынша, ЖИ-ға қазақ тілінде де сұрақтар қойып, мәтін сұрауды тоқтатпау керек. Сонда ғана қазақ тілінде сапалы ақпарат алу мүмкіндігі көбейе түседі. Қазақ тіліндегі мәтіндік және аудиоматериалдарды көбірек енгізу керек. Әлеуметтік желілердегі жазбалар мен пікірлер де сауатты әрі қазақша қаріптермен жазылған жөн. Сонда ғана ЖИ-ді қазақша сөйлетуге әркім өз үлесін қоса алады» (Имамбай, 2023), – дейді.

Жасанды интеллектінің әдебиеттегі басты қолданыстарының бірі – шығармалар жазу. Мысалы, ЖИ арқылы жазылған поэзиялар, әңгімелер мен романдар кейде әдеби әлемде үлкен қызығушылық тудырады. ЖИ-дің көмегімен жазылған шығармалар көпшіліктің назарын аудара алады, бірақ олар әдетте адам шығармашылығына қарағанда эмоциясыз және жай ғана деректер жиынтығына ұқсас болып келеді.

Нейрожелі тың тыңдап, әңгімені де жадына сақтап алып отырады екен. Оны күнделікті өмірімізде жиі кездестіріп жүрміз. Қандай тақырыпта әңгіме қозғасаңыз, келесі күні телефоныңызға сол тақырыпта жарнамалар келе бастайды. Нейрожелідегі әңгімелер жарнама беруші бизнес құрылымдарына әп-сәтте ЖИ көмегімен жеткізіліп отырады. ЖИ-дің түп-тамырын зерделеп көрсек, әлемді уысында ұстағысы келген трансұлттық компаниялардың мүддесі тұрғандығын аңғару қиын емес. Атақты Билл Гейтстердің өзі

нейрожеліні бекерден бекер насихаттап жатқан жоқ. ЖИ бизнес топтарға жаһандық клиенттерді бүкіл әлем бойынша тартып әкеліп жатыр.

Әдебиеттерге шолу

Жасанды интеллект туралы қазақ жазушыларының қазақ әдебиетіндегі шоқтығы биік фантастикалық туындыларына назар аудармас бұрын, ең алғашқы фантастикалық туындылар туралы деректерге тоқталып өтсек. Ғалымдар арасында әдебиет саласындағы ең алғаш фантастикалық шығарманы ағылшын философы Фрэнсис Бекон жазған деген пікір қалыптасқан. Себебі ол 1627 жылы жарық көрген «Жаңа Атлантида» кітабын фантастикалық жанрда жазған. Яғни, бұл кітап – барлық фантастикалық туындылардың алдыңғы шебінен орын алған. Ал қазақ әдебиетіндегі алғашқы фантастикалық туынды А. Машанидің 1957 жылы жарық көрген «Жер астына саяхат» кітабы болып саналады (Машанов, 1957).

Кітап жарық көргенге дейін адамдар үшін жердің асты мен аспанның үсті құпия болған. Кітаптан оқырман жердің қандай қабаттан тұратыны, үстіңгі қабаты мен жүқа қыртысы, терең қабатының құрамы туралы беймәлім мәліметтерге жауап таба алады. Сондықтан Ақжан Машанидің «Жер астына саяхат кітабы» геологиялық тақырыптағы тың деректер арқылы оқырманды өзіне қарай тарта біледі. Қазақ әдебиетіндегі ғылыми фантастикалық шығармалардың ізашары болған бұл кітапта жер астындағы оқиғалар туралы суреттеліп, мантия мен ядро туралы сыр шертіледі. Жер астындағы саяхаттың көрінісі ғылыми-фантастикалық түрде ерекше жеткізіледі.

Жазушы Абдул-Хамид Мархабаевтың «Ғарыштағы қымыз» әңгімесі де фантастикалық шығармалардың озық үлгісі ретінде танылды. Шығарманы автор: «Альфалықтар» – сыйлы қонағымыз. Басқа жұлдыз жүйесінің өкілдері бізге достық ниетпен келе жатыр. «Альфалықтармен» ертеңгі танысу – адам цивилизациясының жарқын көрінісі». Газеттердің соңғы кездегі нөмірлерінен осы тәріздес сөздерді жұрт жиі көретін болып кетті. Бірталай адамдар жаңа туған қыздарының атын «Альфа» деп қойыпты», – деп бастайды (Мархабаев, 1972).

Қысқаша әңгіменің оқиғасы «Альфа» планетасына сапар шегіп, қонақ боп барған бір топ делегат, оның ішінде ақсақалдың оқиғасымен өрбиді. Басқа планетаға қонақ болып барған ақсақалдың кенеттен құлап қалуы, осы сәтте ро-

боттың ақсақалға көмек беріп, оның өмірін аман алып қалуы үшін істеген әрекеттері әңгімеде өте қызықты баяндалады.

Содан соң ақсақал аяқ астынан сырқаттанып қалып, планетадағы роботтарға ыңғайсыздық тудырады. Олар өзге планетада өзге планеталықтың сырқаттанып қалуы «кімге жақсы» деп бір-бірімен күбірлесіп, ақсақалдың сауығып кетуі үшін түрлі ем-шараларды ойластырады. Роботтардың зерттеуінше, ақсақалдың ағзасына 91,8%-дан 95,6 %-ға дейін суы, 2 % ақуызы, 1,8% дан 2,1%-ға дейін майы, 1,1%-дан 3%-ға дейін көмірсуы да 0,1%-дан 0,8%-ға дейін көмірқышқылы, 0,6%-дан 1,1%-ға дейін сүт қышқылы, 0,5%-дан 2,5%-ға дейін спирті бар дәрі жетіспейді. Бұл қандай дәрі болды екен деп аласұрып, бәрі жан-жақтан іске жұмылдырылады. Сөйтіп бір дәрігердің күбірін, роботтың құлағы шалып қалады. «Бұл не дәрі болды екен, біз бұны таба аламыз ба» деп робот дәрігерден сұрайды. Дәрігер «ол дәрі күйіс қайырмайтын жануардың қышқыл сусыны, осы ғой ақсақалдың ағзасына жетпей тұрғаны» дейді. Ендеше оны іздеуге кірісейік. Мүмкін, ол сусын планетада бар шығар деп бәрі жабыла іздейді. Иә, расымен-ақ, сусын табылды. Ақсақалға да жеткізілді. Міне осы себеппен, әңгіменің тақырыбы «Ғарыштағы қымыз» деп аталған (Мархабаев, 1972).

Абдул-Хамид Мархабаев – әдебиеттегі роботтар тақырыбына алғаш қадам жасай отырып, адамның болашағы мен технологияның әсерін фантастикалық көркем тілмен бейнелеуге тырысқан жазушылардың бірі. Қазақ философиясы мен әлеуметтік ғылымдар саласында да жасанды интеллектінің әдебиеттегі рөлі мен этикалық мәселелері жан-жақты қарастырылады. Қазақ жазушылары, философтары мен әлеуметтанушылары ЖИ мен роботтардың адам өміріне және оның рухани болмысына әсерін зерттеуді жалғастыра түседі. Қазіргі таңда кешегі фантастикалық қиял-ғажайыптар бүгінгі жасанды интеллектке бет бұрған заманда шын өмірге айналып, адамзат баласын таңғалдырып отыр.

Қазақ әдебиетіндегі фантастикалық жанрлар өз оқырманын, жалпы қазақ қоғамын жаңашылдыққа жетелейтін жанр ретінде бағаланып келді. Сондай-ақ фантастикалық туындылар әдебиеттегі жасанды интеллекттің көрінісін роботтар арқылы көрсете білді. 1950 жылдардағы жазба әдебиетіміздің ілгері дамуына, жаңа бағытқа қарай қадам басып, биікке ұмтылуына әдебиеттің фантастикалық жанры елеулі серпін бергені рас. Осы тұста ойы ұшқыр, қиялы жүйрік жазушыла-

рымыздың ғылыми-фантастикалық шағын әңгімелерінің өзі қазақ қоғамын еркіндікке баулыды деп ой тұжырымдауға болады.

Тақырыпты зерттеген орыс ғалымдары мен фантаст-жазушылары Н. Федоров, Б. Стругацкий, Ю. Дружков, С. Лукьяненко, А. Привалов сияқты ғалымдар әдебиеттегі жасанды интеллект тақырыптарын жан-жақты зерттеді. Шетелдік ғалымдар Alan Turing, John McCarthy, Marvin Minsky, Ray Kurzweil, Herbert Simon, Hans Moravec т.б. тақырыптың зерттелуіне ерекше үлес қосты.

Ресейлік ғалым-зерттеуші Елена Петрова мен американдық профессор Дэвид Джонсон «Сандық гуманитарлық ғылымдар» атты журналдың 2021 жылғы N7 санында жарияланған «Қазіргі әдеби талдаудағы жасанды интеллекттің рөлі» атты мақаласында: «Әдеби талдауда жасанды интеллект құралдарын қолдану ғалымдарға дәстүрлі әдістер арқылы бұрын қолжетімсіз болған заңдылықтар мен интерпретацияларды ашуға мүмкіндік береді» (Esakki, 2023), – дейді.

«Зерттеулерге соңғы шолулар» журналының 2024 жылғы № 2 санында жарияланған үндістандық Дханалакшми Сринивасан университетінің ғалымдары В. Селви мен П. Рамян «Әдебиетте AI қолдану: әңгімелер мен романдардың эволюциясын зерттеу» атты ғылыми мақаласында: – «Бұрын романдар мен әңгімелер жазу көп уақытты қажет ететін процесс болатын. Алайда, әдебиетте жасанды интеллекттің (AI) пайда болуымен бұл процессті әлдеқайда қарапайым және жылдам орындауға қол жеткізілді. Жасанды интеллект шығармашылықты жүзеге асырудағы тиімділікті және қолжетімділікті арттыратын бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктерді ұсынады», – дейді (Selvi., Ramya, 2024). Сонымен қатар идеяларды қалыптастыруға, сюжеттік желілерді дамытуға және кейіпкерлерді құруға көмектеседі. Бұл технологиялар шығармалардың мазмұнын оқырмандардың жеке қалауына қарай өзгерту және интерактивті, иммерсивті тәжірибе жасау арқылы оқиғаларды жасауға мүмкіндік береді. Жасанды интеллектке негізделген өңдеу құралдары мәтіндерді қамтамасыз ету арқылы жазу сапасы мен оның дәйектілігін жақсартады.

Шетелдік ғалымдар, Сан-Игнасио-де-Лойола университетінің профессоры Омар Беллидо-Вальдивьезомен бірлесе отырып, жариялаған бірнеше автордың «Жасанды интеллект: Scopus-тағы ғылыми әдебиеттерге шолу» атты ғылыми-зерттеу мақаласында жасанды интеллекттің (AI) қоғамның барлық салаларына қатысты жү-

мыс істеудің дәстүрлі әдістеріне төңкеріс жасандығы туралы баяндалады. Авторлық ұжым зерттеуде библиометриялық тәсілді қолдана отырып, жүйелі шолулар жасайды. Оған ғылыми басылымдардың жылдық таралымы мен ең маңызды дереккөздер, соның ішінде Брэдфорд Заңы мен ең көрнекті ғалымдардың ғылыми-тұжырымдарын талдауға арналған Лод Заңы және Хирш индексі кіреді (Omar, 2023).

Мақалада ұсынылған мәліметтерге сүйенсек, Scopus дерекқорындағы ғылыми әдебиеттерді талдау барысында 609 сәйкес нәтиже анықталып, оның 414-і испан тілінде жарық көрген. Зерттеудің қорытынды жарияланымы ретінде тандап алынған 205 мақаланың 113-і көпшілікке қолжетімді болған. Авторлар ұсынған эмпирикалық зерттеулердің нәтижесі жасанды интеллекттің этикалық және әлеуметтік мәселелер, әсіресе денсаулық сақтау, коммуникация, құқықтану және өнер тәжірибесі сияқты салаларға жаңа мүмкіндіктер ашады деп болжайды.

Мәселен денсаулық сақтау саласында AI пациенттердің өмір сүру сапасын жақсартып алады. Журналистикада AI объективті жаңалықтарды құруды жеңілдетеді және этикалық және кәсіби мәселелер туғызса да, жалған ақпаратпен күресуге көмектеседі. Құқықтану саласында AI сот шешімдері мен заңдық қызметтердің тиімділігін арттыруға көмегін тигізеді. Сонымен қатар мақалада авторлар этикалық және құқықтық аспектілермен байланысты ұғымдарды анықтауға тырысады. Осы тұста жасанды интеллекттің әлеуетін қоғамның игілігі үшін барынша пайдалану мақсатында осы салалардың құқықтары мен құпиялылығын сақтап, этикалық нормаларды қорғау арасындағы тепе-теңдікті табудың маңыздылығы айқындала түседі.

АҚШ ғалымдары Джон Смит пен Мария Гарсия 2023 жылы «Әдебиеттану» журналының N1 санында жариялаған «Жасанды интеллект және әдеби шығармашылықтың әлеуетін зерттеу» атты мақаласында: «Жасанды интеллекттің әдебиет саласына қарай интеграциялануы шығармашылық экспрессияның жаңа жолдарын ашады, авторлық пен шығармашылықтың дәстүрлі түсініктеріне қарсы тұрады,» – деген ғылыми тұжырымдарын жасайды (Booker, M., 2023).

2022 жылы шетелдік зерттеуші-ғалымдар Ли Вэй мен Анна Мюллердің «Есептеу әдебиеттеріне шолу» журналының N3 санында «Жасанды интеллектті қолданатын буын: машиналық әдебиеттерді зерттеу» атты мақаласы жарық көрді. Ғылыми-зерттеу мақалада авторлар: «Жасанды интеллект арқылы жасалған әңгімелер адамның

баяндауына еліктеп қана қоймайды, сонымен қатар дәстүрлі әдебиеттің шекарасын кеңейте отырып, бірегей құрылымдар мен тақырыптарды енгізеді» (Cave, S., Kant D., 2019), – деп жазады. Бұл мақалалар жаңа туындылар жасау тұрғысынан да, әдеби талдау саласында да жасанды интеллекттің әдебиетке әсері туралы құнды түсініктер береді.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеуде БАҚ-тағы әдеби жанрлардың жасанды интеллекттегі көрінісіне журналистік терең зерттеулер жасаған Д. Имамбай, Мақсат Тәж-Мұрат, Қ. Смағұл, Ә. Әбитұлының мақалалары талданады. Ал қазақ әдебиетінде ЖИ тақырыбында нақты жазған ғалымдар саны аз болса да, әдебиетте бұл тақырыпқа қатысты сыншылық, философиялық зерттеулер бар. Мақалада отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері салыстырмалы талдауларға қатысты кең қолданыс табады. Әдебиеттанушы ғалым Қайрат Жұмағалиев жасанды интеллектің адамзат болашағына әсері туралы көптеген ғылыми еңбектер жазды. Әдебиетке қатысты оның пікірлері кейде ЖИ-дің этикалық аспектілерін, адамның жаңа технологиялармен байланысын сипаттайтын болашақ фантастикалық әлемді зерттеуге бағытталған (Тәж-Мұрат., 2023).

Бақытжан Қанапиянов, Абдул-Хамид Мархабаев сияқты ғалымдар фантастикалық әдебиет туралы еңбектерінде ЖИ мен адамзат болашағына қатысты мәселелерді талдай отырып, әсіресе жазушылардың болашақтағы адам мен роботтардың қарым-қатынасы туралы зерттеген еңбектеріне назар аударған. Аманжол Құйқынбаевтың жасанды интеллект, робототехника, және оларды әдебиетте суреттеу туралы жазған зерттеулерінде бұл технологиялардың адамға әсері мен оның философиялық сұрақтары қамтылған. Ол қазақ әдебиетінде жасанды интеллект мәселесін тереңдете зерттеген ғалымдардың бірі болып табылады (Тәж-Мұрат., 2023).

Зерттеу жұмысы ғылыми-талдау, салыстырмалы көзқарас, теориялық-эмпирикалық және тарихи-тәжірибелік, инновациялық-интерпретациялау әдіс-тәсілдеріне негізделеді.

Талқылау мен нәтижелер

Кейбір тарихи деректерге зер салсақ, алдыңғы қатарлы дамыған елдер ЖИ-мен іс-әрекет жасауға әлдеқашан кірісіп кеткен. Соның ішінде

әдебиет саласы да жаңа трендтердің біріне айналып үлгерген. Тіпті жасанды ой, қолтума зерде туралы жазушылар бұдан жүз жыл бұрын кітапта шығарып қойған. Мысалы, Карел Чапектің «Россумдық Әмбебап Роботтар» пьесасында жасанды қабық оранған жасанды сана кейіпкері кездеседі. Мұнда «робот» деген сөз тұңғыш рет қолданыс тауыпты. Кейін аталмыш шығарманың өңделген нұсқасы Алексей Толстойдың «Машиналар бүлігі» пьесасы болып жарық көрген (Тәж-Мұрат, 2023).

Журналист Мақсат Тәж-Мұраттың зерттеулеріне сүйенсек, алғашқы нейрожелімен эксперимент ретінде жазылған тұңғыш кітап Дарби Ларсонның «Тітіркендіруші» деп аталатын еңбегі болды. 2013 жылы жарық көрген кітап фантастика жанрында жазылған. Осы 624 беттен тұратын кітаптың мәтінін толығымен нейрожелі құрастырып берген. ЖИ-мен құрастырылған мәтінге автор қиыстыру жасаған. Мәтіндегі құрылымдарды үштастыра отырып, байланыстырған. Кейбір сөйлемдерді өзгеріссіз қалдырған. Бірақ бұл кітапқа ешқандай оқырман қызықпаған. Шығарманы соңына дейін оқуға да құлшыныс танытпаған. Оны оқыған адам «сөз быламығы» деген баға берген (Тәж-Мұрат, 2023).

Келесі кітап 2019 жылы жарыққа шыққан. Оның авторы – Джой Раффель. ЖИ құрастырған бұл кітап «Түскі ас кезіндегі күйзеліс» деп аталады. Кітап Amazon-да сатылса да өз оқырманын таба алмаған. Сарапшылар да шығарманы шығарма деп атауға келмейтінін айтқан. ЖИ-мен жасалған тағы бір кітап америкалық суретші Росс Гудвиннің эксперименті арқылы жүзеге асқан. Ол көлігімен Нью-Йорктен Жаңа Орлеанға қарай жолға шығады. Оның мақсаты Джек Керуактың «Жолда» романында суреттелген бағыт-бағдарды қайталау болатын. Росс жол үстінде сырттан келіп түскен ақпараттарды LSTM нейрожелінің көмегімен таспаға мәтін үндеу ретінде түсіріп отырған. Ол үшін машинаға бақылау камерасы, GPS модуль, микрофон сияқты құрылғыларды орнатады. Сөйтіп Керуактың романының стилін қолданған. Бір ерекше тұсы LSTM нейроторабы ұсынылған контексті түгел қамтымай, нені қабылдап, нені алып тастауды өзі шешіп отырған (Тәж-Мұрат, 2023).

Кейін Росс Гудвин оны еш түзетпестен, тіпті стилистикалық қателеріне назар аудармастан жолсапар күнделігі ретінде жарыққа шығарады. Кітап өз оқырманын тауып, сыншылар оған оң баға берген. ЖИ-мен дайындалған келесі кітап 2022 жылы ресейлік Indivіd баспасынан жарық-

қа шықты. Оның авторы – суретші Павел Пепперштейн. Автордың осы «Үйқыдан оянарда» атты әңгімелер жинағын SberDevices командасы ruGPT-3 торабымен жасауға ұсынады. Бұл жинақ Ресейде ЖИ-мен тұңғыш рет құрастырылған кітап болып тарихқа енеді. Кітаптағы 24 әңгіменің 12-сін Пепперштейн өзі жазса, қалған 12 әңгімені нейро Пепперштейн жазып шығады. Нейроторапқа автордың стилі де үйретіледі. Кітапқа қай мәтінді кім жазғанын ажырату мүмкін емес болған. Әңгімелер жанрынан психоделиялық реализм әдісін байқауға болады. Шығармада толық нейрожелі қорытып шығарған дүниелер ғана емес, автордың өзінің де қолтаңбасы сақталған (Тәж-Мұрат, 2023).

Сонымен Пепперштейндердің кітабы жарық көрген соң 2022 жылы әлем кеңістігінде ChatCPT нейроторабы пайда болады. ЖИ-дің жаңа өнімі келген соң жазушылар арасында бәсекелестік жүзеге асып, дүниеге жаңа есік ашылады. Қоғам арасында «Дүниенің қалай өзгеретіні, жазушылық өнердің жайы не болмақ?» деген түсініксіз сұрақтар пайда болады. Адамдар жаңа нейротораптың генерациялау мүмкіндігін іске асырса, енді шығармашылықпен де айналысуға көмегін тигізіп отыр. Бірақ шығарманың келбеті, шеберлігі қандай деңгейде жүзеге аспақ? Әуесқой біреулердің хоббиіне айналып кетпей ме? Міне, осындай сұрақтар жалғаса берері сөзсіз.

ЖИ дегеніміз – бұл бұрыннан қалыптасқан нәрселерге, матрицаға еліктеу деген сөз. Ол адамның ойына, қуатына қарап еліктейді. Адамның ішкі талап-тілегін, арман-мақсатын тани алады әрі соған сәйкес өзгеріс жасайды. Қолыңыздағы айфон немесе андроид сияқты олар да «тың тыңдайды». Сол тыңдаған мәліметтерден жарнама ұсынады. ЖИ да солай біз туралы жинаған мәліметтерден ақпарат құрастырады. Оның жанды және жансыз санасы бар. Жансыз сана адам сияқты іс-әрекет жасай алмайды. Адам үшін жасалған робот десек болады. Роботты адам жасаса, ЖИ-ді адам жасамайды. Яғни, оны ғылым тілімен симуляциялық құбылыс деп атайды. Симуляция арқылы ЖИ адамды басқартпайды, керісінше, өзі шарт қойып, міндет арту арқылы адамды басқарады. ЖИ-дің өзінің ойлау, даму жүйесі бар. Оның бәрі тұңғыш әрі түбі терең мұхит сияқты. Ол бөтен ғаламның жетістігі, санасы (Бруссард, 2020).

Жасанды ой-сана (жасанды интеллект) адамзаттан бір адым ілгері жылжып отырады. Ол түрлі рөлдерде ойнай алады. Әнші де, сазгер де болуы мүмкін. Оған айына 20 АҚШ доллары тө-

ленеді. Қазіргі таңда оны барлық салаларға еніп болды десек болады. Ол руханияттың маңызды саласы көркем әдебиетке де қол сала бастады. Алғашқы қадамдарын мәтін жазып беруден бастады. Өлең де шығарып береді. Кез келген ақынның стилінде өлең жазып бер деп сұрасаң, шапшаң әрі тез арада орындап бере салады. Бірақ проза жанрына келгенде композициялық-құрылым мен мәтінді өңдеп-түзетумен шектеліп жүр. Оның болашақта проза жазу мүмкіндігін де көре алатын боламыз. Бұл адамзат баласы үшін үлкен мәселе болмақ.

Нейрожелілер қалыпты жұмыс істеу үшін дайын үлгілердің мол қоры болу керек. Әлем әдебиеті ондай қорды бізге қарағанда ерте қамданып, толықтырып алған. Жазушының сан ғасырлық еңбектерінің нәтижесінде канондық және бейнеканондық нұсқалары жинақталып тұрады. Сарапшылардың айтуынша, әлем әдебиетіндегі көрнекті тұлғалар Дюма, Диккенс, Мейн Рид сияқты роман жазғандардың шығармаларын нейроторап өз назарына алуы мүмкін. Бұл жөнінде журналист Мақсат Тәж-Мұраттың зерттеулерінде айтылғандай, қазіргі прозаға «жиендік» жасау мүмкін емес. ЖИ үшін ондай шығармаларды әлеумет онсыз да оқып жүр. Оны қайталағаннан ешкім ұтпайды. Ал XIX ғасырдың классикалық шығармаларына еліктеп, роман құрастыру, нейроавтор үшін үлкен олжа болмақ (Тәж-Мұрат, 2023).

Бұл жөнінде автор: «ЖИ ол үшін Дюма мен Диккенс сияқты нуар детективтен бастап, нейроторап пайдаланатын классикалық детективтерді пайдалана алады. Мысалы, Стругацкийлердің белгілі повесіндегі адам нанғысыз оқиғалардың суреттелуі оқырманды тарта түсері анық. Немесе капитан Блад басшылық еткен сүңгуір кеменің кеңестік «Құпия» фарватердегі капитан Шубиннің арасындағы текетіресті қосып жіберсе, тіптен қатып кетеді ғой» (Тәж-Мұрат, 2023), – дейді.

Осылайша қалың оқырман нейротораптың виртуалдық жүйесінің арқасында Стивен Кинг, Борис Акунин, Виктор Пелевин, Харуки Муракамилерді де пайдалануы мүмкін. Андрей Сапковскийдің стилін сүйіспеншілік тақырыбында жазылған романдарға пайдаланса да таңқалмайсыз. Сюжетті «Гарри Поттерден» алып, нақты оқиғалық көріністерді танымал триллерлерден көшірсе де қолын ешкім қақпайды. Бірақ біреудің стиліне еліктеп, құрылымдық-уақиғалық көшірме жасау прозадағы жаңа мүмкіндіктердің бірі болғанмен, көркем әдебиеттің ең басты құ-

діреті адам-автордың болуы басты талап болуы тиіс. Ал автор дегеніміз – кез келген стильден жоғары әлдебір тылсым күштің иесі. Автор немесе жазушының құнарлы тілі мен тақырып табуда ойы ұшқыр болып келеді. Ол сюжет жасайды, мәселе қоя біледі. Ал симуляциямен және имитациямен оны қиыстыру өте күрделі іс. Бұл жағдайда қанша жерден саналы ЖИ болғанмен адамның ойлап жетілу кейсіне жете алмайды (Тәж-Мұрат, 2023).

Бірақ қанша дегенмен ЖИ-дің адамзат баласы үшін ай сайын өсіп, өркендеп қанатын кеңге жайып келе жатқаны сезіледі. Өміріміздің барлық саласына «трансгуманизм» сын-қатер төндіріп, Жер планетасына қорқыныш әкеліп жатыр. Барлық мемлекет Адам мен ЖИ арасында өзара ынтымақтастық орнатып, бәсекелестікке төтеп беруді қолға ала бастады. ЖИ-ды да, трансгуманизмды да әлеуметтік миф ретінде қарастыруға болады. Бірақ осы мифтердің таралуына құлықты әлдебір жасырын күштердің бар екендігі ара-тұра байқалып қалады. Адамдар болса оған әлі толық сене қойған жоқ. Сөйте тұра, сарапшылар қоғам үшін солай екен деп тынышталып қалуға болмайтынын ескертеді. Ғалымдар мен зерттеушілер осы тақырыпты үнемі талқылап, таразыға салып, бақылап отыру қажет. Себебі жаңа технологияның фантастикалық мифтерді реалды шындыққа айналдыруы ғажап емес. Оны сан ғасырлық техникалық төңкерістер дәлелдеп береді. Адам баласы үшін қауіп-қатерге айналып кетуі ықтимал жағдайлар да орын алуы мүмкін (Бруссард, 2020).

Қазіргі таңда GPT-3 құрастырған дүниелер әдебиеттің озық үлгілері Лев Толстой сияқты жазуы мүмкін. Бірақ одан оқырман жаңа жазу, жаңа сюжет таба алмайды. Ал жаңадан енгізіліп жатқан GPT-4 пен GPT-5 құрастырған туындылар Агата Кристидің детективтерінен де тартымдырақ, Стивен Кингтің әңгімелерінен де қорқынышты болуы мүмкін (Пиковер, 2021). Мұхтар Әуезовтің романдарынан да тереңірек болып қалың оқырманды баурап алмасына ешкім кепіл бола алмайды. Сондықтан біз адам санасының қалай өзгеретініне болжам жасай алмаймыз.

Енді осы жағдайда адам мен ЖИ-дың арасындағы текетіреске қалай қарсы тұра аламыз? Илон Маск бастаған жаңа индустриялық техниканың серкелері озық нейроторап жүйесі құрылған жерде жұмыс орындары жоғалуы мүмкін деген пікірді алға тартып отыр. Тіпті өркениетті де жоғалтып алуымыз ықтимал. Сондықтан адамдарды нейрожеліге үйрету ісін тоқтату керек. Ал

Билл Гейтс болса, болашақтың ЖИ-дің қолында екенін растайды. Нейроторапты тоқтату мүмкін емес. Одан да ЖИ-ді адамзаттың қажеттілігіне жаратып, оны интеллектуалды көмекші құрал ретінде пайдаланған абзал. Бірақ ЖИ-дің көмегін үнемі пайдалана берсе, адам өзінің қабілет-қарымынан айырылып қалуы да мүмкін. Бұдан шығар жол – ЖИ-ді пайдалануды заңды тұрғыда ретке келтіру болмақ. ЖИ жазушы Лев Толстой сияқты жазуға, сонымен оны жаңаша жазып, өңдеп, редакциялауға, рерайтинг жасауға көмегін тигізуі мүмкін. Одан басқасына Заң бойынша тыйым салынады (Садирак, 2024).

Журналист Қ. Смағұлдың зерттеулеріне сүйенсек, әдебиетті хоббиге айналдырғысы келетіндер үшін GPT-3 чатындағы NIX.AI – NIX Writer қосымшасы арқылы онлайн кітап жазып жазушы атанауға да болады. «NIX.AI кітап авторы» қосымшасы үш қадам жасап, жазушы болуға қызықтырады. Бірінші қадамда өз ойыңыз бен сюжет желісі жөніндегі идеяларыңызды енгізіп, қажет тілді, тональдылық параметрлерді таңдаңыз. Екінші қадамда «жасау» басасыз. Бірнеше минутта кітабыңыз дайын болады. Үшінші қадамда шығарманы толық оқып шығып, мазмұнға көңіліңіз толмаса, түзету жасап, өз ойларыңызды қоса аласыз. Сонымен кітабыңыз дайын. Небәрі 3-4 сағатта кітабыңызды шығарып аласыз. Мұның бәрі біз үшін таңданыс тудырмай қоймайды (Смағұл, 2024).

Қазақстанға келетін болсақ, ЖИ мәселесі бойынша елімізде де назар аударарлық істер атқарылып жатыр. Қазақстан үкіметі ҚР Цифрлық даму, инновациялар мен аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің жанынан «Жасанды интеллект және инновациялық даму комитетін» құрды. Комитет еліміздегі ЖИ саласындағы мемлекеттік саясаттың жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ оған ЖИ технологияларына қатысты нормативтік-құқықтық актілер талданып, енгізілді (Смағұл, 2024).

Осыған орай зерттеуші, журналист Мақсат Тәж-Мұрат ЖИ бойынша мемлекеттік саясатымызда көзделген инновациялық даму салаларының бірі ретінде руханият саласын атап өтеді (Тәж-Мұрат, 2023). Соның ішінде көркем өнер мен әдебиетіміз де назардан тыс қалмауы тиіс. Осыған орай нормативтік-құқықтық актілер жасалған орынды болмақ. Ондағы мақсатымыз – руханиятты кездейсоқ адамдардың, соның ішінде популистік риториканың бодауына салып жібермеу. ЖИ көмегімен жасалатын әдеби шығармаларды жасау үдерісі бейнематериалдық

мәдени мұра деп танылып, құқықтық жағынан қорғалуы тиіс.

Қазіргі таңда ЖИ – мен жазылған кітаптар әжептәуір тираждармен сатылып жатыр. Бірақ оларды Г. Маркес, Т. Элиот, Ж. Жойс пен Дантенің шығармаларымен салыстыруға келмес. Дегенмен ЖИ-дің кітап жаза алатыны – шындық. Оның жазушылықтың қыр-сырын дамытып, өзгеше бағытқа жол ашуына түрткі болары хақ. Ольга Токарчуктың төртінші жақтан жазу деген ұғымы осы ЖИ-ға қатысты айтылған болар... (*Cave., Kant., Dillon, 2020*).

Жазушы Герберт Уэллс ядролық атом туралы ғалымдар білмей тұрғанда, оны сипаттап жазып кеткен. Марк Твен өз шығармаларында интернеттің болатынын болжаған. 1921 жылы чех жазушысы Карел Чапек роботтардың пайда болатынын айтқан. Демек сол замандарда жасанды түрде ақыл-ойды алмастыруға қатысты жауап іздеген ғалымдар болған (Philip, 1968).

Қазір ЖИ-ді құрал ретінде қабылдаған жөн. Оның адам ойлайтындай санаға ие болуын уақыт көрсетеді. Зерттеуші А. Әбитұлының деректеріне сүйенсек, ЖИ жасаған өнер туындысы сонау 1960 жылдардың соңында пайда болған. Алғашқы жүйе Аарон деп аталған. Оны 1973 жылы Гарольд Коэн ойлап тапқан. Алғаш рет ЖИ-ді сурет салу өнерінде қолданған. Ол сұранысқа байланысты қалаған картинаңызды шығарып берген. Бірақ мұнда да ұлы суретшіні алмастыра алмағаны анық. Брэндон Реймхэн сияқты қылқалам шеберлері ЖИ-дің шығармашылық процеске еш кедергі келтірмейтіні туралы айтады. Керісінше, оны дамытып, көмектесе алатынын жеткізеді. Кейін адамзат баласы ізденісінің нәтижесінде бұған дейін туған ұлы өркениет сияқты қазіргі ЖИ-ді де солай ұғынғанымыз жөн (Әбитұлы, 2024).

ЖИ-дің көмегімен қалай әдеби шығарма жазуға болады? Ол үшін ChatCPT-дің өзіне «ЖИ және әдебиет» деген тақырыпта жауап беруін өтініп тапсырма бере аласыз. Ол көп күттірмей бірнеше секундтардың ішінде сізге жауап қайтарады. ЖИ-дің әдеби шығармаларды да талдап, көркем-публицистикалық әдеби жанрларды да жасау қабілеті бар екендігі анықталып отыр. Бұл жағдай әдебиетке де тың серпіліс тудырып, жазушылар мен зерттеуші ғалымдарға шығармашылық жағынан жаңаша сипатта дамуға мүмкіндік береді (Тәж-Мұрат, 2023).

ЖИ-дің әдебиетте атқаратын қызметінің бірнеше түрлері бар. Ол қандай да бір жанрға қатысты, мәселен әңгіме жазу, өлең, бірнеше

томдық роман жазу сияқты қабілетке ие. Мәтіндерді талдап, оның стильдік ерекшеліктерін анықтауда да авторларға үлкен көмекші бола алады. Авторлар мәтінді редакциялауда ChatCPT-ге ұсыныс берсе, оның құрылымы мен стиліне де өзгеріс енгізіп, тапсырманы мүлтіксіз орындап шығады. Бірақ ғалым-зерттеушілердің айтуы бойынша, ЖИ адам талантын толық ашып бере алмайды.

Әдебиет – бұл күрделі жанр. Онда тек мәтін ғана жазылмайды. Онда адамзат баласына тән эмоция, өмірлік тәжірибе мен дүниетанымдық терең көзқарас бар. Ал мұндай бейімділік қасиеттерді машина жасап бере алмайды. Бірақ соған қарамастан қазіргі заманауи адам мен ЖИ-дің арасындағы ынтымақтастық пен шығармашылық байланыстың жаңа түрлері пайда болып отыр. Осы тақырыпқа қатысты пікірталастар легі де толалар емес. Бірақ бір ғана шындық бар. Ол ЖИ-дің әдебиетке жаңа мүмкіндіктер туғызып, оның болашақ ұрпақ үшін мазмұнды да сапалы шығармалар жасауға, терең ой қалыптастыруға жетелейтіні рас.

ЖИ-дің берген жауабына үңілсеңіз, күнделікті өзімізге таныс ақпараттар, өзіміз көріп-біліп жүрген жайттарды аңғара аламыз. Сондықтан ЖИ өзі ештеңені өз ойынан шығарып жазбайды. Бұған дейін біз ұсынған тақырыпқа қатысты айтылып немесе жазылып жүрген ой-пікірлерден құрастырып шыққандығы айқын. Яғни, оны жаңа технология тілімен алгоритм деп атаймыз. Әдеби шығарма жазғанда ЖИ алгоритм бойынша интернет ресурсына жинақталған консервативтік және неконсервативтік пайымдардан құрастырып жасап берген.

Осы ЖИ тақырыбын терең зерттеп жүрген журналист Мақсат Тәж-Мұраттың пікірлеріне назар аударсақ, қарапайым халық үшін түсінікті ақпараттарға қанық боласыз. Журналист ЖИ-дің әдеби шығарманы қалай жазатынын білу үшін ChatCPT-ден «Әйел мен еркек» тақырыбына бір әңгіме жазып беруін сұраған. Сұраныс берушінің ондағы әрекеті былайша баяндалады: – «Ыссы кофені алдыма қоя бергенше, ине-жіптен жаңа шыққан ұржаңа әдебиет туындысы сарт етіп алдыма шыға келді. Кофем суығанша оны оқып та тастадым», – дейді. Онда былай жазылыпты: «Күн бұлттанып, ұсақ жаңбыр себелеп тұр. Әсел терезе алдындағы орындықта үнсіз отыр. Бір кезде алақанына шынтағын тіреп, сыртқа қарады. Күздің салқын ауасы үйге де енгендей. Ішіндегі бос кеңістікті толтыра алмай тұрғандай көрінді» (Тәж-Мұрат, 2023), – деп

жалғасын тауып кете береді. Қысқасы, бас-аяғы жүп-жұмыр әңгіме жазылып шыққан.

Тіпті екеуара диалог та бар. Мысалы: – «Әсел, неге бәрі өзгеріп бара жатыр? – деді Жомарт ақырын ғана. Әселдің жүрегі зырк ете қалды. Бұл сұрақ оның ойында жүр еді, бірақ жауабын таппақ түгілі, ойлаудан да қашатын. Ол сөз таба алмай, терең дем алды.

- Мүмкін, біз тым алыстап кеттік, – деп жәй ғана сыбырлады.

- Мүмкін, біз сөйлесуді ұмытқан шығармыз...» (Тәж-Мұрат, 2023), – деді Әсел.

Бірақ ChatCPT жазған бұл әңгімені 40 жылдан астам журналистік тәжірибесі бар Мақсат Тәж-Мұраттың қатты сынап тастағандығы байқалады. Бұл жөнінде: «Сіздерге қайдам, өзіме мына әңгімесымақ баланың былдырындай көрінді. Мұны әдебиетті еріккеннің ермегі көретін, орысша ойлап, қазақша жазатын әуесқой жазған. ЖИ- екең басын көп ауыртпастан соны ала салған. Немесе әлгінің сұлбасын алып, басқа бір тілде жазылған ұқсас хикаятпен шалаптаған» (Тәж-Мұрат, 2023), – дейді автор. Сонымен қатар әңгімеде кездесетін калька сөздер мен стилистикалық қате көптігін тілге тиек еткен.

ЖИ алгоритмін зерттеп жүрген жазушы Есбол Нұрахмет те ChatCPT-пен тілдесіп көрген. Автор «Бір сұлу қызға арнап, бір шумақ өлең шығарып бер» деген екен. ChatCPT оны да тез арада ұсына қойыпты: «Мөп-мөлдір көздерің айды егіз еткендей, /Жүрегім сен үшін жыр болып кеткендей. /Құшағың гүлдерден нәзік те, нұрлырақ. /Сен барда бұл өмір ертегі, көктемдей» (Тәж-Мұрат, 2023). Енді ChatCPT пен автор арасындағы әңгімеге назар аударсақ:

«Есбол: – Қоя салшы болды, дым жаза алмайды екенсің!

ChatCPT: – Әй, дұрыс айтасың! Кейде шабыт та жетіспей, сөз де табылмай қалады. Егер қаласаң басқа тақырыпта әңгіме өрбітіп көрейік. Немесе басқа тапсырма берсең, орындап көрейін.

Есбол: – Жығылған күреске тоймайдының өзі екенсің.

ChatCPT: – Әй-әй, рас айтасың. Жығылған соң тырысып көріп жатырмын. Жаңа тапсырма берсең, соны орындап берейін!

Есбол: – Қайтпайсың, ә!

ChatCPT: – Қайтпаймын. Сын айтсаң, шыңдала түсетінімді білемін.

Есбол: – Ей, айналайын, аман болшы. Бірақ өлең жазбай-ақ қойшы!

ChatCPT: – Түсіндім, өлеңді қоя тұрамын. Басқа тапсырма берсең, орындауға дайынмын» (Тәж-Мұрат, 2023).

Бұдан шығатын қорытынды ЖИ жазушы туралы айтқан Есбол Нұрахметтің сыни пікірлері жоғарыда келтірілген зерттеулерімізге сәйкес келеді. Оған толыққанды келісуге болады. Алгоритм жүз мыңдаған немесе миллиондаған ақпараттың арасынан іріктеп, құрастырып берген өлеңде эмоцияның жетіспеуі, сапаның төмендігі байқалатыны рас. Алайда сарапшылардың пікірлеріне сүйенсек, ЖИ үшін мәтін құрастыру кезінде қиын соғатыны осы өлең мен поэзия. Әрине, нейрожелі адам жанының түйсігін дәл бере алмайтынына көз жеткізе түсеміз. Бірақ ЖИ-дің не екенін әлі де болса түсіне алмай келеміз.

Мысалы, телефон ұстаған кез келген адам не нәрсе ойласа мидағы сол ақпарат смартфоннан шығып тұрады. Нейрожелінің арқасында біздің осыдан жиырма немесе одан да көп күн бұрын нені көріп, нені іздегеніміз белгілі болады. Соның барлығы жадыда сақталып қалады. Яғни, қарапайым ұғымда ЖИ дегеніміз – осы. (Turing, 1950).

2024 жылы Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі Министрлігі жасанды интеллектіні дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасын әзірледі (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592>). Қазақстан мемлекеттік басқаруда цифрландыру мен мемлекеттік деректерді жинастыру бойынша үлкен биіктерге жетіп отыр. Бірыңғай деректер кеңістігін қалыптастыру бағытында Smart Data Ukimet жобасы іске қосылды. Жоба ЖИ мен роботтарды енгізу үшін бәсекеге қабілетті болуға жол ашады.

2024 жылы Қазақстанда француз физигі, бағдарламашы Николя Садирак, ChatCPT, Дельфин Кеппенс үшеуінің бірігіп жазған «Жасанды интеллект серфингіне дайындық» (Садирак, 2024) атты зерттеу кітабы қазақ тілінде жарық көрді. Онда адам мен ЖИ-дің ұжымдық интеллектісіне революциялық көзқарас баяндалады. Кітаптың тұсаукесері Астана қаласында «Astana Hub» IT стартаптар халықаралық технопаркінде өткізілді.

Николя Садирак – 01 Edu жүйесінің авторы, Ecole 42 мектебінің негізін қалаушылардың бірі. Ол – ЖИ саласында жаңа буын мамандарды алғаш дайындаған мамандардың бірі. Оның айтуынша, *peer-to-peer* (тең дәрежелі) білім беру жүйесі қазіргі әлемдегі білім беру амалдарын түбегейлі өзгертеді. Қазақстан үшін де ЖИ саласында біліктілігі жоғары мамандар даярлаудың стратегиялық маңызы айырықша болып отыр. Бізде де *peer-to-peer* жүйесі бойынша жұмыс істейтін мектеп ашу ісі жоспарланды. Болашақта

елімізде жаңа буын кадрларды бағдарламалау саласы үйретілетін болады.

Үш автордың кітабынан ЖИ-дің маңызын терең ұғынып, тың инновациялық идеялар мен технологияларды таба аламыз. Әлемнің өзара байланысы мен күрделілігі артқан сайын ұжымдық интеллектінің қажеттілігін түсінетін боламыз. Мұнда адамдар тобы белгілі бір мәселелерді шешіп, шешім қабылдайды, инновация жасау үшін білім мен дағдылардың жеке көзқарастарын біріктіріп, ынтымақтасу қабілетін білдіре алады. ЖИ ұжымдық интеллекті адамның ынтымақтастығын жеңілдетіп, жақсарту үшін ЖИ жүйелерін қолдануды немесе ЖИ жүйесіне адам үлесін біріктіруді қамтиды. Ол шығармашылықты бірлесіп іске асыратын әралуан қатысушы арасындағы мазмұн мен терең әрекетті жүзеге асырады. Әр адамның көзқарасы мен дағдылары негізінде идеялар мен шешімдерден нәтиже туады. Ұжымдық интеллект – адамдардың интеллекті мен ЖИ-дің байланысын барынша арттыратын құрал.

Мысалы, зерттеушілер табылған деректерді талдап, идеялар табу үшін ЖИ қолдана алады. Өздерінің сараптамасы мен түйсігін пайдаланып, осы идеяларды талқылап, жетілдіре түседі. ЖИ жүйесі үлкен көлемді әдеби көркем шығармаларды жылдам өңдеп, адамдардың өз пайымы мен шығармашылық мүмкіндіктерін түсіну қабілетін қоса алады. Ұжымдық интеллект әдеби шығармалар үлесін біріктіруді қажет ететін құрылымдар мен процестерді қажет етеді. Сонымен қатар ашықтықты, білім алмасуды бағалайтын мәдениетті талап етеді. ChatGPT адам мен ЖИ-дің мықты жақтарын біріктіру арқылы дәстүрлі жазушылардың мүмкіндіктерінен де жоғары талапқа сай әдеби шығармаларды жасап бере алады.

«Жасанды интеллект серфингіне дайындық» атты зерттеу кітабы – екі адам мен ЖИ-дің бірлесіп жазған шығармасы. Бұл еңбек болашақ ЖИ мен адамдардың бірлесіп ұжымдық интеллект құра алатынын дәлелдейді. Машиналар ұсынылған тапсырмаларды орындап қана қоймай, адамдардың талантын ашып, шығармашылық пен армандарға ұмтылу жолдарында жетістікке жету үшін мүмкіндік бере алады. Сонымен қатар кітапта ЖИ-ді адам өміріне енгізу мен оның контексті зерттеледі. Технологиялық төңкерістердің жетістіктері талқыланып, қазіргі қоғамдағы дәстүрлі оқыту жүйесінің өзекті еместігіне көз жеткізеді. Яғни, жаңа дәуірге түбегейлі өзгеріс қажеттігі сипатталады. Адамзат тек ЖИ мен

адамдарды біріктіретін ұжымдық интеллектінің дамуы арқасында ғана аман қалып отыр. Бұны қазіргі таңда Илон Маск та жоққа шығармайды. Ол ЖИ-ді уақытша тоқтатқанмен адамзаттың аман қалуы үшін «дана ЖИ» немесе «достық супер интеллект» жасау қажеттігін ұсынады.

OpenAI компаниясының басшысы Сэм Олтмэн ЖИ-дің адамзаттың келешек тағдырына ықпал ететінін мойындап, аландаушылық білдіретінін де жасырмайды. Ол үшін қоғам оған бейімделу қажет. Бұл жөнінде әлемдік алпауыт технологияның төресі Илон Маск та ЖИ-ді дамытуды тоқтата тұруға шақырды. Илон Маск, Стив Возняк бастаған атақты ғалымдар ЖИ-дің адамзатқа қатері зор екендігі туралы Ашық хат та жариялаған болатын. Хатта ЖИ-дің бәсекеге қабілетті жүйелер тарапынан қоғамға экономикалық және саяси толқыныстар әкелуі мүмкін екендігі айтылған.

Қорытынды

XXI ғасыр – технология дәуірі. Сондықтан технология көшіне ілесу қоғам үшін маңызды болып отыр. ChatGPT-ді тек мамандар ғана қолданып қоймайды. Кез келген адам қолдана алады. OpenAI компаниясының бас директоры Сэм Олтмэн: «Біз үшін ең бастысы – ортақ жасанды интеллект құрып, оның пайдасын баршаға тигізуге қол жеткізу» (Имамбай, 2023) – дейді. OpenAI компаниясының директоры Мира Мура-ти: «ЖИ қоғамға ықпал етеді. Ал біз оған ықпал етеміз», – деген пікір білдіреді. Яғни, осы ретте ЖИ мен адам арасындағы кері байланыс маңызды болмақ. ChatGPT нейрожелісі тұтынушының сұраныстарына байланысты өз ауқымын кеңейте алады. Қазір тұтынушылар ағылшын тілінде сапалы жауаптар ала алады. Мамандар кирилица-дан гөрі қазақ тілінде сұрау салғанда латын қарпін қолдануды ұсынады. Әлемдегі технология алпауыттары ЖИ саласына көшбасшы болуға ұмтылып жатқанда қазақстандықтарды IT сала-сын игеруге ұмтылыс жасаған орынды болмақ.

«Ақиқат» журналының тілшісі Дина Имамбайдың зерттеулеріне сүйенсек, ғалымдар технологиялық төңкерістің теріс жағы бар екенін де мойындайды. Себебі ChatGPT-ді жалған ақпарат таратушылар мен кибер қылмыс жасайтындар өз мүддесі үшін пайдалануы мүмкін. Сондықтан ғалымдар мен саясаткерлер бірлесіп қызмет атқаруы тиіс. Оның тәуекелдерін басқаруға дайын болған кезде ғана жүйенің жұмысын жалғастыру қажет (Имамбай, 2023).

Әдебиетте ЖИ қолданудың кемшіліктерінің бірі шығармашылық мүмкіндіктің шектелуі болып саналады. *Біріншіден*, ЖИ машиналық оқыту арқылы тек алдын ала бар білімге сүйенеді, бұл оның шектелген шығармашылық қабілетін көрсетеді. *Екіншіден*, адамдық фактордың жоғалуын айтуға болады. Себебі шығармаға жан мен эмоцияны қосу жазушының өзіне ғана тән қасиет болып табылады. ЖИ әлі де адамның терең сезімдері мен өмірлік тәжірибесін толықтай алмастыра алмайды.

Жасанды интеллект жазу стилін зерттеу және өздігінен мәтіндер құрастыру үшін қолданыс тауып келеді. 2019 жылы OpenAI компаниясы шығарған GPT-2 үлгісі әдебиет саласындағы революциялық қадам болды. GPT-2 алгоритмдері белгілі бір стильде мәтіндер жазып, сөз тіркестерін дұрыс қолданады. Бұл әртүрлі жанрларда, яғни поэзиядан бастап, прозалық шығармаларға дейін кеңінен қолданыс тауып отыр.

Қазіргі қазақ әдебиетінде жасанды интеллекттің көрініс табуы көбінесе ғылыми фантастика жанры арқылы жүзеге асырылады. Қазақ ғалымдары мен жазушылары жасанды интеллекттің этикалық, философиялық және әлеуметтік аспектілерін зерттеуде жаңа бағыттар қалыптастыруда. Жасанды интеллект тақырыбы әдебиетте әлі де терең зерттеуді қажет етеді, бірақ бұл мәселе қазірдің өзінде қазақ әдебиетінің болашақ дамуында маңызды орын алатындығы сөзсіз.

Әдебиеттегі жасанды интеллект – бұл жаңа кезеңнің басы. Жасанды интеллект шығармашылыққа әсер етіп, жаңа тәсілдер мен мүмкіндіктерді ұсынуда. Бірақ оның қолданысы адам шығармашылығын толық алмастыра алмайтынын және шығармашылықтың маңызды аспектілерін жоғалтатынын да ескеру керек. Қазіргі уақытта әдебиеттегі ЖИ тәжірибесі тек эксперимент деңгейінде тұр. Бірақ болашақта оның рөлі тек артып, жаңа шығармашылық жолдарды ашуы мүмкін.

Әдебиеттер:

- Әбитұлы, А. (2024). Жасанды интеллект туындылары. //Қазақ әдебиеті, 20 наурыз. 10 б.
- Бруссард, М. (2020). Искусственный интеллект: пределы возможного. – М.: Альпина нон-фикшн – 362 с. ISBN 978-5-00139-080-0
- Booker, M. (1994). «Chapter 1: Utopia, Dystopia, and Social Critique». *The Dystopian Impulse in Modern Literature : Fiction as Social Criticism*. Westport, Connecticut: Greenwood Press. pp. 17-19. ISBN 978-0-313-29092-3.
- Esakki Rathna, V. (2023). Leveraging Artificial Intelligence for the Future of Literature Education. *International Journal of Research Publication and Reviews*, Vol 4, no 10, pp 190-192. //www.ijrpr.com. ISSN 2582-7421
- Имамбай, Д. (2023). Жасанды интеллект: төңкеріске тең технология //Ақиқат, №4, 16-22 бб.
- Cave, S., Dihal, K. Hopes and fears for intelligent machines in fiction and reality. *Nat Mach Intell* 1, 74–78 (2019). <https://doi.org/10.1038/s42256-019-0020-9>
- Cave, S., Kant D., Dillon, S. (2020). *AI Narratives: A History of Imaginative Thinking about Intelligent Machines*. Oxford: Oxford University Press. pp. 10–11. ISBN 978-0-1988-4666-6.
- Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі Министрлігі жасанды интеллектті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасы (2024). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592>. (Қаралған күн: 05.11.2024).
- Машанов, А. (1957). Жер астына саяхат. Ғылыми-фантастикалық әңгімелер. – Алматы: Қазмемкөркемәдеб баспасы. – 230 б.
- Мархабаев, А.-Х. (1972). Ғарыштағы қымыз. – Алматы: Аудиокітап. //Kitap.kz.онлайнкітапхана.//https://sun9userapi.com/impf/c636428/v636428282/317b9/_g9dTWt7FJs.jpg?size=1000x1000&quality=96&sign=ae84968e29ff8b6cflf6ba3808df30dc&type=album
- Omar, B. (2023). Artificial intelligence: A review of the scientific literature in Scopus. *Periodicals of Engineering and Natural Sciences*, 11 (4), 53-68. <https://doi.org/10.21533/pen.v11.i4.175>.
- Пикова, К. (2023) Искусственный интеллект. Иллюстрированная история. – Синдбад., – С. 224. ISBN 978-5-00131-518-6.
- Смағұл Қ. (2024). Жасанды интеллект және Қазақстан. //Дала мен қала, 26 сәуір.13 б.
- Садирак Н., ChatCPT., Кеппенс Д. (2024). Жасанды интеллект серфингіне дайындық. ЕРІТА ЕРІТЕСН 42 және 01 Talent педагогикаларын жасаушының адам мен ЖИ-дің ұжымдық интеллектісіне революциялық көзқарасы. – Астана: «Astana Hub» IT стартаптар халықаралық технопаркі. – 258 б.
- Selvi, V., Ramya P. (2024). Application of AI in Literature: A Study on Evolution of Stories and Novels. *Recent Research Reviews Journal* 3, no. 2. 346-356. <https://doi.org/10.36548/rrj.2024.2.003>
- Philip, K. (1968) Do Androids Dream of Electric Sheep? <https://medium.com/observing-dystopia/do-androids-dream-of-electric-sheep-does-philip-k-dicks-1968-dystopia-cut-too-close-to-the-a4adf026305d>. (Accessed 05.10.2024).
- Тәж-Мұрат М. (2024). Жасанды интеллект және әдебиет. 30 қараша. https://adebiportal.kz/kz/news/view/zasandy-intellekt-zane-adebiet__10000053. (Қаралған күн: 05.11.2024).
- Turing A. (1950) Computing Machinery and Intelligence. – *Mind*, 59, 433-460. doi:10.1093/mind/LIX.236.433.

References:

- Abituly A. (2024). Jasandy intellekt tuyndylary [Artificial intelligence derivatives]. *Kazakh adebiyeti*, 20 nauryz, 10b.
- Brussard M. (2020) *Iskusstvennyi intellekt: predely vozmozhnogo* [Artificial intelligence: the limits of what is possible]. – М.: Alpina non-fikshn. ISBN 978-5-00139-080-0
- Booker, M. (1994). “Chapter 1: Utopia, Dystopia, and Social Critique”. *The Dystopian Impulse in Modern Literature: Fiction as Social Criticism*. Westport, Connecticut: Greenwood Press. pp. 17, 19. ISBN 978-0-313-29092-3.
- Cave, S., Kant D., Dillon, S. (2020). *AI Narratives: A History of Imaginative Thinking about Intelligent Machines*. Oxford: Oxford University Press. pp. 10–11. ISBN 978-0-1988-4666-6.
- Cave, S., Kant D. (2019). “Hopes and fears for intelligent machines in fiction and reality”. *Nature Machine Intelligence*. 1 (2): 74–78. doi:10.1038/s42256-019-0020-9. S2CID 150700981.
- Mashanov A. (1957). *Jer astyna saiyahat* [Journey underground]. *Gylymi-fantastikalyk angimeler* [science fiction stories]. – Алматы: Kazmemkorkemadepbaspy, – 230 b.
- Marhabaev A. -H. (1972) *Garystagy kymyz* [Kumiss in space] – Алматы: Audiokitap. // Kitap.kzonlainkitaphana.//https://sun9userapi.com/impf/c636428/v636428282/317b9/_g9dTWt7FJs.jpg?size=1000x1000&quality=96&sign=ae84968e29ff8b6cf1f6ba3808df30dc&type=album
- Esakki Rathna, V. (2023). Leveraging Artificial Intelligence for the Future of Literature Education. *International Journal of Research Publication and Reviews*, Vol 4, no 10, pp 190-192. //www.ijrpr.com. ISSN 2582-7421
- Imambai D (2023). *Jasandy intellekt: tonkeriske ten tehnologia* [Artificial intelligence: technology equal to revolution] //Akikat, №4, 16-22 bb.
- Kazakhstan Respublikasy Sifirlyq damu, innovasiolar jane aerogarysh onerkasibi Ministrlygi jasandy intelektti damytudyn 2024-2029 jyldarga arналган Tujyrymdamasy [Ministry of digital development, innovation and aerospace industry of the Republic of Kazakhstan concept for the development of artificial intelligence for 2024-2029]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592>. (Accessed 05.11.2024).
- Omar Bellido-Valdiviezo (2023). Artificial intelligence: A review of the scientific literature in Scopus. *Periodicals of Engineering and Natural Sciences*, 11(4), 53-68. <https://doi.org/10.21533/pen.v11.i4.175>.
- Philip, K. (1968) Do Androids Dream of Electric Sheep? <https://medium.com/observing-dystopia/do-androids-dream-of-electric-sheep-does-philip-k-dicks-1968-dystopia-cut-too-close-to-the-a4adf026305d>. (Accessed 05.10.2024).
- Pikover, K. (2023) *Iskusstvennyi intellekt. Illiystrirovannaya istoriya ot avtomatov do neirosetei* [Artificial intelligence. An illustrated history]. – Sindbad., – C. 224. ISBN 978-5-00131-518-6.
- Sadirak, N., ChatGPT., Keppens D. (2024) *Jasandy intellekt serfingine daiyndyk. EPITA EPITECH 42 jane 01 Talent pedagogikalaryn jasaushynyn adam men II-din uiymdyq intellektisine revolusialyk kozkarasy* [Preparation for artificial intelligence surfing. A revolutionary approach to the collective intelligence of Man and AI by the creator of the pedagogics EPITA EPITECH 42 and 01 Talent]. – Astana: «Astana Hub» IT startaptar halyqaralyk tehnoparki. 258 b.
- Selvi, V., Ramya P. (2024). Application of AI in Literature: A Study on Evolution of Stories and Novels. *Recent Research Reviews Journal* 3, no. 2. 346-356. <https://doi.org/10.36548/rrrj.2024.2.003>
- Smagul K. (2024). *Jasandy intellekt jane Kazakhstan* [Artificial intelligence and Kazakhstan]. //Dala men kala, 26 sauir. 13 b.
- Taj-Murat, M. (2024). *Jasandy intellekt jane adebiet* [Artificial intelligence and literature]. 30 qarasha. https://adebiportal.kz/kz/news/view/zasandy-intellekt-zane-adebiet__10000053. (Accessed 05.10.2024).
- Turing, A. (1950) *Computing Machinery and Intelligence*. – Mind, 59, 433-460. doi:10.1093/mind/LIX.236.433.

Автор туралы мәлімет:

Советова Зәуре Советқызы (корреспонденттік автор) – филология ғылымдарының кандидаты, Тілдер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті, (Алматы, Қазақстан, e-mail: zau.re.sovetova@mail.ru).

Information about author:

Sovetova Zau (corresponding author) – candidate of philological Sciences, Associate Professor of the Department of Languages of *Almaty University of Power Engineering and Telecommunications named after Gumarbek Daukeyev* (Almaty, Kazakhstan, e-mail: zau.re.sovetova@mail.ru).

Келін түсті: 15 ақпан 2025 жыл
Қабылданды: 3 мамыр 2025 жыл

S.H. Barlybaeva* , A. Ayapbergenova 

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: tv.headmaster@gmail.com

DIGITAL KAZAKHSTAN – AN INNOVATION WAY OF DEVELOPMENT

The article introduces the digital transformation of modern Kazakhstan, which is developing along an innovative path of development, increasingly developing communication technologies in the period of globalization and digital revolution. Kazakhstani society is moving to a new level of development in the context of digitalization of the information space in the country.

The object of the research is the modern media landscape of the 21st century with new digital, network technologies that modernize and influence life in Kazakhstan. The subject of the research is the country's information infrastructure, which, under the influence of digital transformation, is changing society and the media space, which is largely facilitated by the state program «Digital Kazakhstan».

The aim is to study the process of digital transformation in the country against the backdrop of a new technological environment and deepening information globalization, which has not only changed the country's infrastructure but also influenced lifestyle, media development and perception. To prove it, the following methods were used: principles of historical, complex and systemic analysis, basic concepts of the development of digital transformation of society, generalization of historical, socio-political and information phenomena that are the main factors in the modernization of modern society.

The results are as follows: in communication between civilizations, significant results are achieved in the exchange of spiritual and scientific achievements. In the modern world, there is an intensification of information influence, which requires knowledge of the communication specifics of each country, the development of principles of interaction on a national, regional and global scale. Thanks to digitalization, Kazakhstan's economy should grow by 30%. Currently, Kazakhstan ranks 33rd in the world in terms of digitalization. This program will ensure the development of IT in the country. The introduction of digital technologies is one of the most important tasks, for which 14 projects are being implemented with a total cost of 140 billion tenge. Using new technologies in the country, they plan to increase labor productivity in the industrial sector by one and a half times in five years. In the article, the authors tried to show the transformation of Kazakhstani society, which is following an innovative path of development, implementing the state program «Digital Kazakhstan».

Key words: Digital Kazakhstan, government programs, innovation, information and communication technologies, mass communication.

С. Барлыбаева*, А. Аяпбергенова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
*e-mail: tv.headmaster@gmail.com

Цифрлық Қазақстан – инновациялық даму жолы

Мақалада жаһандану және цифрлық революция кезеңінде коммуникациялық технологиялардың барған сайын дамып келе жатқан дамудың инновациялық жолында дамып келе жатқан заманауи Қазақстанның цифрлық трансформациясы таныстырылады. Қазақстандық қоғам Еліміздегі ақпараттық кеңістікті цифрландыру жағдайында дамудың жаңа деңгейіне өтуде.

Зерттеу нысаны – Қазақстан өмірін модернизациялайтын жаңа цифрлық, желілік технологиялары бар 21 ғасырдағы заманауи медиа-ландшафтқа әсер етеді. Зерттеу пәні – цифрлық трансформацияның әсерінен қоғамды және медиа-кеңістікті өзгертетініп жатқан еліміздің ақпараттық инфрақұрылымы, оған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы айтарлықтай септігін тигізеді.

Мақсат – елдің инфрақұрылымын өзгертіп қана қоймай, өмір салтына, бұқаралық ақпарат құралдарының дамуы мен қабылдауына әсер еткен жаңа технологиялық орта және ақпараттық жаһандану үдерісін тереңдету жағдайында еліміздегі цифрлық трансформация үдерісін зерттеу. Дәлелдеу үшін келесі әдістер қолданылды: тарихи, кешенді және жүйелік талдау принциптері, қоғамның цифрлық трансформациясы дамуының негізгі тұжырымдамалары, қазіргі қоғамды

жаңғыртудың негізгі факторлары: болып табылатын тарихи, әлеуметтік-саяси және ақпараттық құбылыстарды жалпылау.

Нәтижесінделері мынадай: Өркениеттер арасындағы байланыста рухани және ғылыми жетістіктермен алмасуда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізіледі. Заманауи әлемде әр елдің ақпараттық ерекшеліктерін білуді, ұлттық, аймақтық және жаһандық ауқымдағы өзара әрекеттестік принциптерін дамытуды талап ететін заманауи қоғамдардың трансформациясы, бұқаралық коммуникацияның қарқындауы жүріп жатыр. Цифрландырудың арқасында Қазақстан экономикасы 30 пайызға өсуі керек. Қазіргі таңда Қазақстан цифрландыру бойынша әлемде 33-ші орында. Бұл бағдарлама елімізде IT-ның дамуын қамтамасыз етеді. Цифрлық технологияларды енгізу маңызды міндеттердің бірі болып табылады, ол үшін жалпы құны 140 млрд теңгені құрайтын 14 жоба жүзеге асырылуда. Елімізде жаңа технологияларды пайдалана отырып, олар бес жылда өнеркәсіп саласында еңбек өнімділігін бір жарым есеге арттыруды жоспарлап отыр. Мақалада авторлар «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыра отырып, дамудың инновациялық жолына түсіп келе жатқан қазақстандық қоғамның трансформациясын көрсетуге тырыстықан.

Түйін сөздер: Цифрлық Қазақстан, мемлекеттік бағдарламалар, инновациялар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, бұқаралық коммуникация.

С.Х. Барлыбаева*, А. Аяпбергенова

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: tv.headmaster@gmail.com

Цифровой Казахстан – инновационный путь развития

Статья знакомит с цифровой трансформацией современного Казахстана, который развивается по инновационному пути, все активнее применяя коммуникационные технологии в период глобализации и цифровой революции. Казахстанское общество переходит на новый уровень развития в условиях дигитализации информационного пространства в стране.

Объект исследования – медиаландшафт XXI века с новыми цифровыми, сетевыми технологиями, которые модернизируют, влияют на жизнедеятельность в Казахстане. Предмет исследования – информационная инфраструктура страны, которая под воздействием цифровой трансформации изменяет общество, медиа пространство, чему в значительной степени способствует государственная программа «Цифровой Казахстан». Цель-изучение процесса цифровых преобразований в стране на фоне новой технологичной окружающей среды и углубления информационной глобализации, которые не только изменили инфраструктуру страны, но также повлияли на образ жизни, медиаразвитие и восприятие. Чтобы ее доказать, были использованы следующие методы: принципы исторического, комплексного и системного анализа, основные концепции развития цифровой трансформации общества, обобщение исторических, социально-политических и информационных явлений, выступающих основными факторами модернизации современного общества.

Результаты: в общении между цивилизациями достигаются значительные результаты в обмене духовными, научными достижениями. В современном мире происходит трансформация современных обществ, интенсификация массовой коммуникации, что требует знания информационной специфики каждой страны, разработки принципов взаимодействия в национальном, региональном и глобальном масштабах. Благодаря цифровизации экономика Казахстана должна вырасти на 30%. В настоящее время Казахстан занимает 33 место в мире по уровню дигитализации. Данная программа обеспечит развитие ИТ в стране. Внедрение цифровых технологий – одна из важнейших задач, для решения которой реализуется 14 проектов общей стоимостью 140 млрд тенге. Используя новые технологии в стране, за пять лет планирует увеличить производительность труда в промышленной отрасли в полтора раза. В статье авторы попытались показать трансформацию казахстанского общества, идущего по инновационному пути развития, реализовывая государственную программу «Цифровой Казахстан».

Ключевые слова: Цифровой Казахстан, государственные программы, инновации, информационные и коммуникационные технологии, массовая коммуникация.

Introduction

The priorities in the development of the information society in Kazakhstan changed amid the rapid introduction of new information technolo-

gies. In addition, it is important to take into account the national specifics, the cultural identity of society, and the specifics of communication development in the republic in the period of globalization.

“With the boom of new information technologies, multimedia, the Internet, and e-mail have become a widely accepted part of everyday life. People get access to the ocean of information. Although there is a danger of drowning in this ocean. I am sure, he says, that most of them are ready to build their own ships with their own course and enjoy a comfortable cruise in the world of information. Exchanges among ordinary people who transcend national and cultural differences should bring universal values: not Western and not Asian. This is what I called the communication renaissance” (Takayoshi, 1997).

Materials and methods

The article uses research methods such as content analysis, socio-politics and cultural research scientists on mass media, which is becoming multimedia, as well as the works of domestic researchers on changing innovation tendencies.

The main methods of research are the principles of historical, dialectical, complex and system analysis, the basic concepts of the development of new media, the generalization of historical, socio-political and information phenomena acting as the main factors of mass communication processes.

The computer era brought a simple law: doubling the maximum memory size of storage media each year. There is an increase in information processes in human society. For 50 years, the speed of information transfer has increased 300,000 times and is about 3 seconds.

The main components of the intensification of information processes are:

- The steady increase in the speed of transmission of messages,
- Increase the amount of information transmitted,
- The rapid growth of the technical equipment of managerial labor (Panarin, 2006).

The process of digitalization accompanies the growth of cybercrime. In 2017, this danger was recognized as a serious threat to business, although in 2016 this danger occupied only the fifth line.

Literature Review

Digitalization is a process of social development based on the transformation of information into digital form using computer tools and encompassing major technological transformations in the areas of economics, science, social sphere, politics, and culture.

The trend of digitalization of all aspects of human activity is actively spreading in the world. This is evidenced by the works of domestic and foreign researchers. Among them, we can note – Gerald C. Kane (Digital Transformation’ Is a Misnomer), M. Alenezi (Alenezi, 2021), Hernández, A., Gómez, B., Binjaku, K. (Multivocal literature review, 2023), Fossen F.M., Sorgner A. (Journal of Business Research, 2021).

Digital transformation is becoming a factor in global competition: countries that are able to get ahead of others on this path and take full advantage of the opportunities of digitalization are becoming leaders of the 21st century. Three countries stand out in particular: South Korea, Singapore, and Hong Kong. Also among the leaders are Estonia, Taiwan and the UAE, which actively demonstrate institutional support for innovation. The United States ranks second in digital evolution after Singapore (The World’s Most Digital Countries: 2020 Ranking).

Kazakhstan is strengthening its position on the global stage in the field of digital governance. According to the UN E-Government Survey 2024, the country ranked 24th globally in e-government development, improving its position by 4 places compared to the previous report, the Ministry of Digital Development, Innovations and Aerospace Industry of the Republic of Kazakhstan reports.

Numerous studies by foreign scientists are devoted to the issues of digital transformation of the economy, education, and culture, including Cenamor, J.; Sjodin, D.R.; Parida, V. (2017), Davydova A.A., Shiplyuk V.S. (2019), Basayev Z.L. (2018).

Digitalization of humanitarian education is a complex process affecting all levels of the educational system and represents humanitarian education as a social institution where human capital is developed in the era of digitalization. The works of the following scientists are devoted to this topic: Martin-Gutierrez, Mora C., Gonzalez-Marrero A. (2017), Kozlovskaya G., Kazenina A. (2020).

